

Мұнай тасымалдау мен су жіберуді жүзеге асыратын ұйымдарының басшылары, мамандары, қызметшілері мен өнеркәсіптік-өндірістік персоналы санының типтік нормативтерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің 2014 жылғы 11 маусымдағы № 107 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылы 29 шілдеде № 9632 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 704 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 704 (2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 2-тармағына 2-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 19 шілдедегі № 166-б бұйрығымен бекітілген Тиісті қызмет салаларының мемлекеттік органдарының еңбек жөніндегі үлгі нормалар мен нормативтерді бекіту, ауыстыру және қайта қарау ережесіне сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген:

1) мұнай тасымалдау мен су жіберуді жүзеге асыратын ұйымдарының басшылары, мамандары мен қызметшілері санының типтік нормативтері;

2) мұнай тасымалдау мен су жіберуді жүзеге асыратын ұйымдарының өнеркәсіп - өндірістік персоналы санының типтік нормативтері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауға жолдауын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн аспайтын мерзімнен кешіктірмей "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға бұйрықтың көшірмесін қағаз және электрондық тасымалдағышта жолдауын;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік етуші Қазақстан Республикасы Мұнай және газ вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Министр

Ұ. Қарабалин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрі

_____ Т. Дүйсенова

2014 жылғы 20 маусым

Қазақстан Республикасы

Мұнай және газ

министрінің

2014 жылғы 11 маусымдағы

№ 107 бұйрығымен

бекітілді

**Мұнай тасымалдау мен су жіберуді жүзеге асыратын
ұйымдар басшылары, мамандары мен қызметшілері
санының типтік нормативтері
1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Осы Мұнай тасымалдау мен су жіберуді жүзеге асыратын ұйымдар басшылары, мамандары мен қызметшілері санының типтік нормативтері (бұдан әрі – нормативтер) мұнай тасымалдау мен су жіберуді жүзеге асыратын ұйымдар басшылары, мамандары мен қызметшілері санының типтік нормативтері қызметшілердің қажетті санын анықтау және негіздеуге арналған.

2. Нормативтер әзірлеудің негізіне:

қызмет матрицалары;

2) құбырлар бойынша мұнай тасымалдау мен су жіберуді жүзеге асыратын ұйымдардың техникалық-экономикалық көрсеткіштері;

3) басқарудың қолданыстағы құрылымына талдау, қызметкерлерді нақты орналастыру алынғандар.

3. Нормативтерді әзірлеу кезінде:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2009 жылғы 9 ақпандағы № 15 бұйрығымен бекітілген Мұнай тасымалдау мен су жіберуді жүзеге асыратын ұйымдардың (кәсіпорындардың, компаниялардың) басшылары, мамандары мен қызметкерлері санының типтік нормативтері;

2) орындалатын жұмыс көлеміне басшылардың, мамандар мен қызметшілердің жұмыс күнінің өзіндік келбетін жасау карталарымен белгіленген уақыт жұмсау мәнін талдау;

3) құрылымдық бөлімшелер туралы қолданыстағы ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтар пайдаланылды.

4. Нормативтер осы нормативтерге 1-қосымшаға сәйкес экономикалық-математикалық әдістер пайдаланылып, басқарудың барлық орындалатын міндеттеріне есептелді.

5. Басқарудың әрбір міндетіне есептелген нормативтер ұйымдарды басқарудың әлдебір деңгейінде міндеттерді орындаумен айланысатын басшыларды, мамандар мен қызметшілерді қамтиды және мынадай факторларға қарай анықталған:

- 1) ұйым қызметкерлерінің тізімдік саны, адам;
- 2) мұнай тасымалдаудың миллион тонна және су жіберудің миллион текше метр жылдық көлемі;
- 3) мұнай және су құбырларының ұзындығы, километр;
- 4) негізгі қорлар құны, миллион айлық есептік көрсеткіштер;
- 5) күрделі құрылыс және күрделі жөндеу көлемі, миллион айлық есептік көрсеткіштер;
- 6) ұйымның орталық аппараты қызметкерлерінің тізімдік саны, адам;
- 7) әріптес елмен экспорттың және импорттың жиынтық жылдық көлемі, миллион тонна;
- 8) әріптес ел аумағында қабылдау - тапсыру пунктерінің саны, бірлік.

6. Нормативтер қабылданған факторлардың түрлі белгіленген мәндеріне арналған формулалары (желілік және желілік-логарифмдікке қарай) және кестелермен берілген. Көрсеткіштердің (факторлардың) нақты мәндері бойынша нормативтік санды анықтау үшін осы нормативтерге 2-қосымшаға сәйкес кестеде бар көршілес факторлар мәндерімен түсіндіру не тәуелділік теңдеулері бойынша есептеу жүргізу керек.

7. Әр қызмет бойынша сан нормативтерінің бөлшек мәндері жағдайда 0,5 және одан артығы тұтас мәнге дейін дөңгелектеледі, 0,5-тен кем болса алынып тасталады.

8. Ұйым бойынша тұтас алғанда басшылардың, мамандардың, қызметшілердің және жұмысшылардың норматив саны әр қызмет бойынша норматив сан мәндерін жинақтаумен анықталады.

9. Сандық нормативтер шегінде ұйымның бірінші басшысы бірнеше міндеттерді біріктіретін департаменттер, басқармалар немесе бөлімдер (қызметтер) жасақтауға немесе бір міндет бойынша белгіленген басшылар, мамандар мен қызметшілердің нормативтік санын бірнеше бөлімшеге бөлуге құқылы.

10. Шетелдік қатысуы бар ұйымдар үшін басшылар, мамандар мен қызметшілердің сан нормативтеріне шетелдік мамандар санын ескеретін 1,2 коэффициенті қолданылады.

11. Басқарудың нормаланатын міндеттерінің мазмұнында негізгі орындалатын жұмыстар көрсетілген. Жұмыстар мазмұнында көрсетілмеген, бірақ осы басқару қызметтерінің негізгі бөлігі болып табылатын қосалқы жұмыстар уақыт нормасымен ескерілген және жеке нормаланбайды.

12. Жинақта берілген жұмысшылар кәсіптері мен қызметкерлер лауазымдарының атаулары Жұмысшылар жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар мен басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес келеді.

13. Корпоративтік басқару нысаны мен жеке меншік нысанына байланысты осы нормативтердің 1-қосымшасының 1-кестесіне сәйкес лауазымдар атауы республикада қолданылатын қызметкерлер лауазымының номенклатурасына сәйкес бекітілген ұйымды басқару құрылымына сай тұжырымдалуы мүмкін.

14. Осы нормативтермен даярлық-қорыту уақыты, жұмыс орнына қызмет көрсетілетін уақыт, демалыс пен жеке қажеттілікке арналған уақыт ескерілген.

15. Нормативтер Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген еңбек және қосымша демалыстарына, жүктілікке, босануға және сырқатына мемлекеттік және қоғамдық міндеттерді орындауға жоспарланған шықпау коэффициенті есепке алып белгіленген тізімдік санды қарастырады.

16. Нормативтер түзетулерімен және оларға тиісті ескертпелерімен қолданылады. Түзетулер олар белгіленген нормативтерге ғана қолданылады.

17. Нормативтерді қолдану кезінде пайдаланылатын сан көрсеткіштерінің "дейін" деп көрсетілген шегін қоса түсіну қажет.

18. Персоналдың нормативтік саны іс жүзінде пайдаланып отырған немесе уақытша тоқтатылған, жұмысын жалғастыруды күтіліп отырған нысандарға ғана есептелген.

19. Қызметтік, өндірістік үй-жайларды тазалаушылар және аула тазалаушылар сан нормативтері де қолданыстағы үлгі нормативтер негізінде есептеледі.

20. Нормативтерде басшылардың, мамандар мен басқа да қызметшілердің қабылданған жіктеуіне сәйкес "менеджер (бас)" лауазымы мамандар санатына жатады.

2-бөлім. Еңбекті ұйымдастыру

21. Қызметкерлер міндеттері Құрылымдық бөлімше туралы ережемен, лауазымдық нұсқаулықтармен, жұмыс берушінің актілерімен және ұжымдық шартпен реттеледі.

22. Өз жұмысында құрылымдық бөлімше басшылары, мамандары мен қызметшілері Қазақстан Республикасының нормативтік нормативтік құқықтық актілерін, техникалық пайдалану, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария қағидалар мен нормаларын және басқа да құжаттарды басшылыққа алады.

23. Құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің міндеттері SAP R/3 автоматтандырылған жүйесін, "Lotus Notes" электрондық құжат айналымын, сондай-ақ өзара жергілікті ақпараттық – есептеу желілерімен байланысқан жеке компьютерлер негізінде "Microsoft Outlook" электрондық почта байланысын пайдаланып жүзеге асырылады.

24. Осы нормативтерде қабылданған жинақта қарастырылған ұйымдастыру - техникалық шартында:

- 1) жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру;
- 2) жұмыс істеушілердің қажетті ақпаратты уақтылы алуы, қажетті кеңестер мен нұсқау жүргізу;
- 3) еңбек пен демалыстың ұтымды тәртібінің сақталуы;
- 4) белгіленген санитарлық нормалардың қамтамасыз етілуі көзделген.

25. Қызметкерлердің жұмыс орындары онда ұйымдастыру техникасы мен еңбек заттарының қолайлы орналасуын, ал үстел жәшіктерінде – тиісті құжаттар мен кеңселік керек-жарақтарды сақтауды қамтамасыз ететін компьютерлік үстелмен қосымша қойылған жабдықталады.

3-бөлім. Нормативтік бөлім

1. Басшылық

26. Жұмыстың болжамды құрамы.

Ұйым қызметінің барлық түрлеріне басшылық ету. Жұмысты және өндірістік бірліктер мен ұйымның өзге құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара әрекетін ұйымдастыру.

Ұйымның белгіленген сандық және сапалық көрсеткіштерді, мемлекеттік бюджет, тұтынушылар мен банктер алдында міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету.

2. Әкімшілік қамтамасыз ету

1-параграф. Еңбекті қорғау, апатқа қарсы жұмысты, өрт қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғау мен өндірістік бақылауды қамтамасыз ету

27. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Ұйым қызметкерлерінің қауіпсіз еңбек жағдайын жасау және қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік науқастанудың алдын алу, өндірістік қызметтен экологиялық жүктемені азайту, ұйымның өндірістік нысандарында өрт болдырмау үшін жұмыстарды ұйымдастыру және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау.

Ұйым бөлімшелерінде еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрттен сақтану және қоршаған ортаны қорғау бойынша қолданыстағы заңнаманың, нұсқаулықтардың, қағидалар мен нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру.

Жабдықтарды сынау, тексеру уақтылы және дұрыс пайдаланылуын, ауаны, өндірістік шуды, дірілді және тағы да басқа өлшеу кестелерінің сақталуын, қауіпсіздік техникасы нормалары мен стандарттарының сақталуын мемлекеттік қадағалау органдары нұсқамаларының орындалуын бақылау.

Қызметкерлерге еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрттен қорғану және қоршаған ортаны қорғау бойынша нұсқау беру және білімдерін тексеру.

28. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасары), менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

2-параграф. Адам ресурстарын басқару жұмысын ұйымдастыру

29. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Еңбек және еңбекақы бойынша жоспарлар әзірлеу, еңбекті ұйымдастыруды, өндірісті басқаруды, ұйым қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу және ынталандыру жүйелерін жетілдіру; ұйым филиалдары мен өкілдіктерінде тарифтік мөлшерлемелер, еңбекақы, үстеме, қосымша төлеу жүйелері мен жалақыға коэффициенттердің дұрыс қолданылуын, сондай-ақ жұмыстарды дұрыс тарифтеу және жұмыскерлерге разрядтар белгілеуді бақылау.

Қызметкерлердің нормативтік санын есептеу және оның сақталуын бақылау, ұйымның штат кестесін әзірлеу.

Қызметкерлерді қабылдау және жұмыстан шығаруды Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен белгіленген тәртіпте рәсімдеу.

Ұйым қызметкерлерінің тізімдік құрамын есепке алу.

Еңбек кітапшаларын сақтау және толтыру.

Кадрлар мәселелері бойынша құжаттама жүргізу.

Кадрлар қозғалысын бақылау, кадрлардың тұрақтамаушылық себептерін анықтау және оларды жою бойынша іс-шаралар әзірлеу.

Жұмыс уақытын табельдік есепке алуды жүргізу.

Ұйым филиалдары мен өкілдіктерінде кадрлардың есепке алыну жағдайын бақылауды жүзеге асыру.

Кадрларды есепке алу бойынша статистикалық есеп жүргізу.

Ұйым қызметкерлерінің кәсіби даярлық деңгейлерін аттестаттау және бағалаудың өзге түрлерін ұйымдастыру.

Кадрлар даярлау және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру.

Өлеуметтік мәселелер бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

30. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасары), менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

3-параграф. Меншік және ақпаратты қорғау

31. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Ұйымның кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.

Ұйымның өндірістік нысандарының жай-күйін талдау.

Ұйымның мүліктік/мүліктік емес игіліктері мен құқығын құқыққа қайшы қол сұғушылықтан қорғау.

Нысандардың техникалық қауіпсіздігі жүйелерін зерттеу.

Төтенше жағдайларды жою жоспарларын жасауға, қызметтік тексерулер жүргізуге қатысу.

ISO/IEC 27001:2005 ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық стандартына сай қауіпсіздік мәселелері бойынша нормативтік құжаттамалар мен ұйымдық-әдістемелік материалдарды әзірлеу және келісу.

Экономикалық зиян келуі мүмкін алғышарттар мен жағдаяттарды анықтауға қатысу.

Ұйым ашық жариялауға дайындайтын материалдарды (мақалалар, баяндамалар, жарнама және тағы да басқа) оларды қызметтік, коммерциялық,

заңмен қорғалатын ұйымның өзге де құпияларын құрайтын ақпараттың болуы мәнісіне талдау жасайды.

32. Лауазымдардың болжамды тізбесі: қызмет жетекшісі, менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

4-параграф. Құқықтық қамтамасыз ету

33. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Ұйым қызметін құқықтық қамтамасыз ету.

Құқықтық сипаттағы ұйымның шығыс құжаттарына құқықтық сараптама жүргізу.

Ұйымның бұйрықтар жобаларына, өкімдеріне, шарттарына, ішкі құжаттарына құқықтық сараптама жүргізу.

Ұйымның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды әзірлеуге қатысу.

Ұйымның атынан қуыным арыздарын дайындау, сондай-ақ ұйымға жіберілген қуыным арыздарға жауап даярлау.

Ұйымның мүліктік және өзге де заңдық құқықтарын және мүдделерін белгіленген тәртіпте, оның ішінде соттарда, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдарда таныстыру және қорғау.

Ұйымның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу үдерісін құқықтық сүйемелдеу.

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу.

Қазақстан Республикасының заңнамасын түсіндіру, ұйымның және оның құрылымдық бөлімшелері қызметінің мәселелері бойынша ұйым қызметшілеріне заңдық кеңес беру.

34. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасары), менеджер (бас), заң кеңесшісі (бас, жетекші).

5-параграф. Аудиторлық жұмыс

35. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Ұйымда ішкі бақылау жүйесінің сәйкестігі мен тиімділігін бағалау, компанияда тәуекелдерді бағалау әдістемесін және тәуекелдерді басқару рәсімдерін қолдану мен олардың тиімділігінің толықтығын бағалау, Қазақстан Республикасы заңнамасы, халықаралық келісімдері, ұйымның ішкі құжаттары талаптарының сақталуын бағалау, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардың нұсқауларын, компания органдарының шешімдерін орындау және осы талаптардың сақталуы мақсатында құрылған жүйелерді бағалау.

Ұйымның стратегиялық мақсаттары аясында ұйымның құрылымдық бөлімшелері алдына қойылған мақсаттарға жетуді қамтамасыз ету үшін олар

қолданатын шаралардың сәйкестігін бағалау, ұйымда қабылданған қағидаттарының, тиісті этикалық стандарттар мен құндылықтардың енгізілуі мен сақталуын бағалау, ұйымның тиісті органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің тәуекелдермен және ішкі бақылаумен байланысты мәселелер бойынша ақпарат алуының тиімділігін бағалау және ұйымның ішкі аудит ұсынымдарын орындауын бақылау.

36. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: қызмет жетекшісі, менеджер (бас), аудитор (жетекші).

6-параграф. Бақылау және ревизия

37. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің қаржы-шаруашылық қызметін, олардың бизнес жоспарларды орындауын, қаржы тәртібін сақтауын, активтердің сақталуын, есеп деректерінің ақиқаттығын, бухгалтерлік есеп жүргізудің жай-күйін бақылауды жүзеге асыру. Қаржы тәртібін нығайту, ысырапшылық, жетіспеушілік туындауына және талан-тараж жасалуына жағдай тұғызатын себептер мен жағдайларды анықтау. Ұйым қызметінің бар резервтерін анықтау және жұмылдыру, компанияның қаржылық және материалдық активтерін пайдалануда үнемдеу тәртібін күшейтуге бағытталған жұмыстың тиімділігі мен сапасын көтеру.

38. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: қызмет жетекшісі, менеджер (бас).

7-параграф. Жұртшылық әлеуметпен байланыс жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру (мұнай тасымалдау және су жіберу көлемі 20 миллион тоннадан астам ұйымдар үшін)

39. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Ұйым қызметін ақпараттық қамтамасыз ету, бұқаралық ақпарат құралдарында ұйымның жағымды корпоративтік келбетін қалыптастыру, қолдау және қорғау.

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тексерілмеген, ұйым қызметіне сәйкеспейтін және ол туралы теріс ақпараттың таралуын болдырмау.

Ұйымның корпоративтік келбетін қалыптастыруды қолдауға және қорғауға бағытталған жұртшылық әлеуметпен байланыс жөніндегі ұйым стратегиясын әзірлеп іске асыру.

Қазақстан Республикасында және шетелде саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдай туралы ақпаратты, сондай-ақ ұйым қызметі туралы, ұйым қызметіне әсер етуі мүмкін мұнай-газ кешенінде жағдай туралы бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын жинақтап талдау.

Ұйымның тиісті құрылымдық бөлімшелері туралы ақпаратты жинақтау және бұқаралық ақпарат құралдарында ұйым қызметі туралы материалдарды жариялауға даярлау.

Ұйым келбетін қолдауға және нығайтуға бағытталған жарнамалық-ақпараттық акциялар ұйымдастырып жүргізу.

40. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: қызмет жетекшісі, менеджер (бас).

8-параграф. Жалпы іс жүргізу

41. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Келіп түсетін және жөнелтілетін хат-хабарды уақтылы өңдеу, көрсетілген орнына жіберу, құжаттардың орындалу мерзімі мен олардың дұрыс рәсімделуіне бақылау жүргізу. Құжаттарды қабылдау, оларды тіркеу, есепке алу және тиісті құрылымдық бөлімшелерге жіберу.

Қызметтік құжаттарды басып шығару және көбейту.

42. Лауазымдарының болжамды тізбесі: кеңсе меңгерушісі (бастығы), іс жүргізуші, мұрағатшы, менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

9-параграф. Мемлекеттік тілді дамыту

43. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Ұйым жұмысы мен іс жүргізуде мемлекеттік тілді дамытуды ұйымдастыру.

Ұйымның барлық қызметкерінің мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдық, материалдық-техникалық жағдайларды жасау.

Мемлекеттік тілді оқыту курстарын ұйымдастыру және жүргізу. Ұйым қызметкеріне мемлекеттік тілді оқыту.

Қажетті әдебиеттермен, оқулықтармен, көрнекі құралдармен қамтамасыз ету.

Оқыту мазмұнын, нысандарын, әдістерін және құралдарын жетілдіру.

Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінде тіл туралы заңнаманың сақталуын бақылау.

Нормативтік және құқықтық актілердің және басқа да құжаттардың мемлекеттік тілден орыс тіліне және орыс тілінен мемлекеттік тілге толық жазбаша аударылуын ұйымдастыру және орындау.

Мемлекеттік тілден орыс тіліне және орыс тілінен мемлекеттік тілге толық жазбаша аударманы редакциялау.

44. Лауазымдардың болжамды тізбесі: қызмет жетекшісі, менеджер (бас), бас маман (аудармашы), жетекші маман (аудармашы), маман (аудармашы).

10-параграф. Шаруашылық және көлік қызметін көрсету

45. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Ұйымның құрылымдық бөлімшелері қызмет етуі үшін ұйымдастыру техникасы құралдарымен, негізгі және қосалқы тауар-материалдық қорлармен қамтамасыз ету, сондай-ақ ұйымның әкімшілік ғимараттарын пайдалану арқылы тиісті жағдайлар жасау.

Шаруашылық мүліктің сақталуын, оның қалпына келтірілуі мен толығып тұруын қамтамасыз ету. Үй-жайларда тазалықтың сақталуын, оның жағдайы мен үй-жайларды уақтылы жөндеуге шаралар қабылдауды бақылау.

Қызметкерлерді кеңсе қажеттіліктерімен және шаруашылыққа қажет заттарымен қамтамасыз ету.

Ұйым қызметкерлерін әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

Ұйым қызметкерлеріне көлік қызметін көрсету.

Жанар-жағармаймен уақтылы, автокөлікке уақтылы техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру.

Автокөлікті ұтымды қолдану және тиімді пайдалану.

46. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасары), менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

3. Өндірістік-техникалық қамтамасыз ету

1-параграф. Мұнай тасымалдау және су жіберу

47. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Ұйымның мұнай-газ өндіру ұйымдары және өзге қызмет тұтынушылармен жедел өзара әрекетін үйлестіру.

Тұтынушылар үшін мұнай тасымалдау және су жіберу лимиттерін анықтау.

Қызмет тұтынатындарға мұнайды қабылдау мен жіберуді, су жіберуді үйлестіру.

Магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнайды қабылдау мен жіберуге бағдарлық тапсырмаларды даярлау және шығару.

Мұнай тасымалдау және су жіберу бойынша жедел мәселелерді шешу.

Магистральдық мұнай құбырлары жүйелері бойынша мұнайға түгендеу жүргізу.

Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығы мен Балтық елдерінің магистралдық мұнай құбырлары жүйелері бойынша қазақстандық мұнайдың қозғалысын және

қазақстандық мұнайдың тасымалдануын төлеу бойынша ақша ағындарының қозғалысын бақылау.

Теңіз портында мұнайды ауыстырып құюды бақылау және үйлестіру.

Қызмет тұтынушылармен мұнай тасымалдау шартын келісу.

Қазақстандық мұнай өндіруші ұйымдардың орта мерзімді және ұзақ мерзімді көлемдерін, тасымалдау бағыттарын құру және талдау.

Мұнай тасымалдау бағыттарын дамыту жай-күйі мен үрдісіне талдау жүргізу.

Әлемдік нарықтардағы мұнай бағалары бойынша ақпарат жинау және талдау, мұнай бағаларының өзгеру динамикасы бойынша статистикалық есептер, мұнай құбырларының өткізу қабілеті және жүктелу бойынша ақпарат жасау.

Көмірсутек шикізатын өткізу нарығына маркетингтік зерттеу нәтижелерін жинақтау, мұнай тасымалдаудың әлдебір схемасын іске асырудың жөнділігі туралы ұсыныс енгізу.

Қазақстандық мұнай ұйымдарымен ұйымның инфрақұрылымын дамыту мақсатында жаңа бағыттарды іске асыру жөнінде келіссөздер жүргізу және мұнай өндірушілермен тиісті шарттар жасасу.

Қазақстан Республикасы, Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығының елдері және алыс шетелдер аумағында мұнай тасымалдау жүйелерін кеңейту және дамыту жоспарларын талдау.

48. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасары), менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

2-параграф. Мұнай тасымалдау мен су жіберуді жедел басқару (саны бөлім бойынша жабдықталған орталықтандырылған диспетчерлік пункт болған жағдайда есептеледі)

49. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Ұйым филиалдарының орталық диспетчерлік пунктерінің қызметіне бақылау және мұнай құбырлары нысандарының, су құбырларының, мұнайды қабылдау, тасымалдау және су жіберу жұмыстарының оңтайлы режимдерін қамтамасыз ету.

Технологиялық режимдерді сақтап мұнай айдайтын және су сорғысы стансаларының, жылыту пунктері, қабылдау – тапсыру пунктерінің жұмыс-тарын және мұнайды теміржол цистерналары мен танкерлеріне құюдың белгіленген технологиясының сақталуын бақылау.

Мұнай болуына, сұйық-қоймалардың бос сыйымдылықтарын және мұнай мен су сапасын жедел есепке алудың жүргізілуін бақылау.

Мұнайды қабылдау, тасымалдау және суды жіберу бойынша бақылау және басқаруға қажетті ұйым филиалдарынан түсетін ақпаратты жинақтау және талдау

Мұнай мен судың болуын және сапасын жедел есепке алуын жүргізілуін бақылау. Мұнай-газ өндіру ұйымдармен жедел өзара әрекет етуді үйлестіру.

50. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: бас диспетчер, диспетчер.

3-параграф. Мұнай құбырлары мен су құбырларының нысандарын пайдалану

51. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Магистральдық құбырлардың, негізгі және қосалқы мақсаттағы өндірістік нысандардың апаттық емес және сенімді пайдалануын қамтамасыз етуге бағытталған ұйым іс-шараларының, жоспарларының, шарттары мен шешімдерінің орындалуын; магистральдық құбырлар мен сұйыққоймалық парктер құрылымдарының тоттанудан тиімді қорғалуын қамтамасыз етілуін; ұйымның өндірістік нысандарында және магистральдық мұнай құбырлары мен су жолдарының технологиялық жабдықтарында диагностикалық жұмыстардың уақтылы жүргізілуін, өндірістік нысандарды су алу және күзгі – қысқы кезеңдерде жұмысқа дайындау бойынша ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар жоспарларының құрастырылуы мен орындалуы, магистральдық мұнай құбырлары жұмысының оңтайлы жылугидравликалық режимдерінің сақталуын, қазандық-пеш отындарының шығынын бақылау. Магистральдық құбырларын авиация күзету бойынша жұмыстарды ұйымдастырып бақылау.

52. Лауазымдардың болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасары), менеджер (бас), менеджер-технолог, желілік бөлім бойынша менеджер, су құбыры бойынша менеджер, электрхимқорғану бойынша менеджер, маман (бас, жетекші).

4-параграф. Технологиялық үдерістерді басқаруды автоматтандырылған жүйесін, диспетчерлік бақылау және құбырларды басқару жүйесін пайдалану және дамыту, метрологиялық қамтамасыз ету

53. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Технологиялық үдерістерді басқаруды автоматтандырылған жүйесін техникалық және бағдарламалық құралдары кешенін қайта құру және дамыту саласындағы бірыңғай техникалық саясатты құру және жүргізу. Жаңа техниканы

және озық технологияны енгізу жоспарларын әзірлеуге қатысу, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз ету. Ұйымның салынып жатқан және қайта құрылған мұнай құбыры нысандарында "Құбырларды диспетчерлік бақылау және басқару жүйесін енгізу" (SCADA) жобасы бөлігінде перспективалық жоспарлар мен жаңа жобалардың техникалық-экономикалық негізіндерді әзірлеу. Ұйым нысандарында жоспарлы алдын ала жөндеу кестелерін сақтауды бақылау. Мұнай тасымалдау және сақтау үдерістерін метрологиялық қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру.

54. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасары), менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

5-параграф. Телекоммуникация жүйелерін пайдалану және дамыту (мұнай құбыры мен оның инфрақұрылымына қызмет көрсету бойынша жұмыстарды сатып алатын ұйымдарға қатысы жоқ)

55. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Телекоммуникациялық қызмет түрлері бойынша лицензиялар мен рұқсаттар алу. Пайдалану режимдерінің бұзылу, өндірісте жеткіліксіз жұмыспен немесе істен шығумен байланысты, тоқтап тұру, өзге де шығындарды, сондай-ақ байланыс және деректерді жіберу құралдарын қате қолдану және пайдалану себептерін талдау және жою. Байланыс операторларының байланыс және деректерді жіберу құралдарының жоспарлы-регламенттік кестелерін сақтауға бақылау. Байланыс және деректерді жіберу жабдықтарын, өлшеу техникасын, қосалқы бөлшектерді, кабельдік өнімдерді сатып алуға өтінімдерді рәсімдеу. Жаңа техниканы және озық технологияны енгізу жоспарларын әзірлеуге қатысу, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз ету. Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелерге байланыс саласында техникалық және технологиялық саясат мәселелері бойынша әдістемелік көмек. Технологиялық байланыс бойынша жүргізілген жұмыс туралы есеп құрастыру және талдау.

56. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасары), менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

4. Күрделі құрылыс

1-параграф. Жобалау-іздістіру жұмыстары, жобалық-сметалық ұжаттамаларды және техникалық-экономикалық негіздемелерді (инжиниринг) әзірлеу

57. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Ықтимал көліктік бағыттарды, қолданыстағы мұнай құбыры (су құбыры) жүйелерінің мүмкіндіктерін кешенді бағалау және оны дамыту мен кеңейту бойынша ұсыныстар әзірлеу. Ұйымның жаңа нысандарын салуға және барларын жаңғырту мен техникалық қайта жарақтандыруға алдын ала жобалық шешімдер дайындау. Мамандандырылған жобалық ұйымдарды тарта отырып, жаңа құрылысқа, ұйымның қолданыстағы нысандарын қайта құруға, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлеуді қамтамасыз ету. Ұйымның қолданыстағы нысандарын қайта құру, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру және кеңейту бойынша жыл сайынғы әрі перспективалық жоспарларын әзірлеу барысына қатысу.

58. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасары), менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

2 -параграф. Күрделі құрылыс және күрделі жөндеу

59. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлеуді жоспарлау және бақылау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, жаңа салынып жатқан нысандар мен құрылыстарды жобалауға, қолданыстағы нысандарды қайта құру және кеңейтуге техникалық тапсырмалар жасау, филиалдарда күрделі жөндеу және күрделі құрылыс жағдайын талдау, күрделі жөндеу және күрделі құрылыс бойынша басымдылықты анықтау. Жобалық шешімдер, құрылыс мерзімдерінің және нормативтік-техникалық құжаттар талаптарының сақталуын, оның ішінде құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасын, өндірістік нысандар құрылысын, қайта жарақтау, кеңейту, техникалық қайта жарақтау құнын бақылау.

60. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасары), менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

5. Келісімшарттар мен жабдықтау

1-параграф. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету (қызметтер нарығында мұнай құбыры мен оның инфрақұрылымына қызмет көрсету бойынша

жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыратын ұйымдарға қатысы жоқ)

61. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Ұйымның құрылымдық бөлімшелерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету жоспарлары мен теңгерімдерін әзірлеу. Маркетингтік зерттеулер, коммерциялық ұсыныстарды қалыптастыру. Жабдықтаудың барынша ұтымды түрлерін анықтап белгілеу. Коммерциялық келіссөздер жүргізу. Жіберушілермен

және өндірушілермен шаруашылық шарттар даярлап бекітуге қатысу. Әлеуетті жіберушілердің конкурстық құжаттарын талдау және конкурстық комиссияға қорытындылар даярлау. Шарттар бойынша міндеттемелерді уақтылы және сапалы орындалуына бақылау жүргізу. Коммерциялық ұйымдардың ұсыныстары бойынша жедел ақпарат пен жарнамалық материалдарды зерттеу. Ұйымға келіп түсетін тауарларды кедендік рәсімдеу.

62. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасары), менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

2-параграф. Келісімшарттар мен клирингтік операцияларды сатып алу, сүйемелдеу

63. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Сатып алуды, оның ішінде тендерлерді өткізу бойынша барлық қажетті жұмыстарды ұйымдастыру, шарттардың даярлануын, келісілуін және жасасуын бақылау. Сатып алу барысы бойынша есеп дайындау және тиісті хат-хабар алмасуды жүргізу. Ұйым қарыздары бойынша өзара есепке алуды қамтамасыз ету. Ұйым шарттарының орындалуы туралы мәліметтерді тексеру және талдау.

Жергілікті қамтуды мониторингтеу, жергілікті қамту есептерін бақылау және тексеру.

Ұйым қарыздары бойынша клирингтік және факторингтік операцияларды жүргізу.

64. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасары), менеджер (бас), маман (бас, жетекші)

6. Даму блогы

1-параграф. Тәуекелдерді басқару

65. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу, басқару және жетілдіру; бизнес үдерістер тәуекелдерін біріздендіру, бағалау және мониторингтеу; тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу. қағидатын енгізуді және жетілдіруді ұйымдастыру. Ішкі бақылау жүйелерін және тәуекелдерді жүйесін енгізу және жетілдіру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру жоспарларын/бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ олардың орындалуын бақылау. Тәуекелдердің жай-күйін, тәуекелдер бойынша мейлінше жол берілетін шектерді сақтауды және тәуекелдерді басқару жөніндегі

іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру. Ұйымның тәуекелдеріне әсер ететін сыртқы факторларды қадағалау.

66. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасар), менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

2-параграф. Ықпалдастырылған менеджмент жүйесін басқару

67. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Ұйым көрсететін қызметтердің сапасын арттыру, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында бірыңғай саясатты ISO 9001:2000, ISO 14001:2004, OHSAS 18001:1999 халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес ықпалдастырылған менеджмент жүйесін әзірлеу, енгізу, жұмыс жағдайында ұстау және тұрақты жақсарту жолымен жүргізу. Ұйымның ықпалдастырылған менеджмент жүйесінің құжаттарын әзірлеу, келісу, қайта қарау және қайта өңдеу. Ықпалдастырылған менеджмент жүйесінің ішкі аудиттерді жоспарлау және өткізу: ықпалдастырылған менеджмент жүйесінің бағдарламасын, аудиттер кестесін құрастыру, келісу және бекіту. Ықпалдастырылған менеджмент жүйесінің ішкі және сыртқы аудит нәтижелерін талдау. Ықпалдастырылған менеджмент жүйесінің сертификаттық және қадағалау аудиттерін жүргізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

68. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: қызмет басшысы, менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

3-параграф. Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму (мұнай тасымалдау және су жіберу көлемі 20 миллион тоннадан жоғары ұйымдар үшін)

69. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Ұйымның даму стратегиясын әзірлеу және оның орындалуын бақылауды жүзеге асыру. Ұйымның стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жүйесінің тиімділігін арттыру. Ұйымның Қазақстан Республикасындағы және одан тыс қолданыстағы және жаңа мұнай көлігі активтеріне қатысу ұсыныстарын дайындау және орындылығын талдау. Ұйымда теңдестірілген көрсеткіштер жүйесінің қызметі үдерісін қамтамасыз ету. Көмірсутек шикізатын өткізудің әлемдік нарығын дамыту келешегіне маркетингтік зерттеулер жүргізу және зерделеу. Ұйымның мұнай көлігі инфрақұрылымын пайдаланудың неғұрлым оңтайлы нұсқаларын айқындау. Ішкі нарықтағы ықтимал контрагенттер мен серіктестерді айқындау, сондай-ақ компанияның магистральдық мұнай құбыры жүйесіне мұнай тарту үшін шетелдік компаниялармен іскери қатынастар орнату. Жекелеген бизнес бағыттар бойынша стратегияларды әзірлеу және келісу. Ұйымның дамуына әсер ететін негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер болжамдары бойынша ұсыныстарды келісу.

70. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасар), менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

4-параграф. Активтерді басқару және инвестициялық талдау

71. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Ұйым активтерін басқару жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету және жетілдіру. Ұйымның инвестициялық қызметін жүзеге асыруға кешенді және жүйелі көзқарасты қамтамасыз ету. Ұйым акцияларын шығару және орналастыру үдерісін қамтамасыз ету. Ұйым активтерін басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру. Ұйым активтерін басқару бөлігінде компания жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын мониторингтеу. Ұйымның инвестициялық жобаларының қаржы-экономикалық тиімділігін талдау және олар бойынша қорытындылар жасау. Ұйымның шоғырландырылған қаржы-экономикалық үлгісін және ұйымның инвестициялық жобалар үлгілерін әзірлеу және жаңарту.

72 Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасар), менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

5-параграф. Инвесторлармен байланыс жөніндегі жұмыстар.

73. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Инвестициялық тартымды ұйым ретінде ұйымның беделін қолдау және нығайту мақсатында ұйым басшылығы мен инвестициялық қауымдастық арасында тиімді байланысты ұйымдастыру. Инвесторлармен қатынас саласында ұйымның стратегиясын жүзеге асыруды дайындау және үйлестіру. Инвестициялық қауымдастыққа ұйым қызметі, ашуға жататын және акция құнына елеулі әсер етуі мүмкін оқиғалар мен жоспарлар туралы ақпарат алмасудың барлық қолжетімді арналарын пайдалана отырып, толық және уақтылы хабарлауды қамтамасыз ету. Инвестициялық қауымдастық пен ұйым басшылығы арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету. Ұйым стратегиясын әзірлеу және активтерді сатып алу және сату немесе капитал нарықтарында қаражатты тарту бойынша ірі мәмілелер жасасу кезінде басшылықты инвестициялық қауымдастық пікірі туралы хабардар ету арқылы аналитикалық қолдау көрсету. "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамымен ынтымақтастықты орнату және оған осы қоғам бекіткен листинг ережелеріне сәйкес ақпарат жіберу.

74. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: қызмет басшысы, менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

7. Қаржы-экономикалық блок

1-параграф. Жоспарлау және экономикалық талдау

75. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Инвестициялық жобаларды қаржы-экономикалық негіздеу. Еншілес ұйымдарда бизнес-жоспарлау үдерісін үйлестіру. Еншілес ұйымдарда бюджеттеу барысын үйлестіру. Еншілес ұйымдардың қаржы-өндірістік қызметін үйлестіру. Ұйым активтерін басқару. Ұйымның бюджеттік басқаруы, басқару есебі, шығындары, активтері мен кірістері бойынша жеке есепке алу жүйесін әзірлеп енгізу. Айырып есепке алуды сүйемелдеу. Ұйымда стратегиялық бастамаларды іске асыру үдерісін үйлестіру. Ұйымның даму стратегиясын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеп енгізу. Ұйым шығындарын төмендету бойынша бағдарлама әзірлеу. Қарыз алу және қаржы құралдары нарықтарын қаржылық мониторингтеу. Халықаралық қаржы мекемелерімен жұмыс істеу. Ұйымның несие рейтингін қолдау. Бар несие келісімдері бойынша ақпарат жіберу. Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдау.

76. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасар), менеджер (бас), маман (бас, жетекші)

2-параграф. Бухгалтерлік есеп, есептілік және салық салу

77. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Ұйымның ақшаға, тауар-материалдық қорлар, негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге уақтылы түгендеу жүргізуіне бақылау жасау; материалдық және қаржы ресурстарының болуына, қозғалысы мен пайдалануына бақылау жасау, құрылымдық бөлімше қызметкерлеріне жалақы бойынша есеп айырысуды ұйымдастыру, ұйымның бухгалтерлік есеп шоттарында ақша қозғалысымен байланысты операциялардың құжатталып көрсетілуін қамтамасыз ету, төленетін салықтар бойынша есеп айырысулар мен декларациялар даярлау және оларды салық органдарына уақтылы ұсыну, ұйым бюджетін әзірлеуге қатысу, салық органдары мен басқа да өкілетті органдарына шоғырландырылған есептілікті жасау және өткізу.

78. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: бас бухгалтер (орынбасар), маман (бас, жетекші), бухгалтер (жетекші), менеджер (бас).

3-параграф. Қаржы ағындарын басқару (Қазынашылық)

79. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Ұйымның жылдық кассалық бюджетін құрастыру және оның орындалуын бақылау. Ұйымның кассалық бөлігінің шығыс және кіріс бөліктерінің

орындалуын бақылау. Кассалық бюджетті болжау және орындау. Ақша ағынын болжау. Ақша ағынын басқару. Ұйымның қаржылық қызметін талдау. Депозиттерде ұйымның бос ақшасын орналастыруды ұйымдастыру. Қысқа мерзімді ағымдағы қаржыландыру тартуды ұйымдастыру. Дебиторлар мен кредиторлар бойынша деректерді тіркеу және өңдеу. Шарттар тізілімін жүргізу (шарт түпнұсқаларын тіркеу және сақтау). Ұйым ақшасының мақсатты пайдалануына бақылауды ұйымдастыру. Ұйыммен бекітілетін келісімшарт-тардың қаржы шарттарын анықтау. Шағымдану-іздену жұмысын жүргізу үшін қаржы құжаттарын дайындау. Құжатсыз есеп айырысу түрлерін рәсімдеп жүргізу (кепілдіктер, аккредитивтер). Есеп айырысу-кассалық операцияларды жүзеге асыру. Ұйымда валюталық бақылауды жүзеге асыру. Ұйым мен филиал қызметкерлерінің еңбекақылары бойынша пластик карталарына қызмет көрсету бойынша есеп жүргізу. SAP R/3 автоматтандырылған жүйесінде дивиденттерді есептеу үшін акционерлердің деректерін енгізу және оларды есептеген кезде төлем тапсырмасын қалыптастыру.

80. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: қазынашылық директор (орынбасар), менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

4-параграф. Тарифтік реттеу

81. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Материалдарды дайындау, ұйым көрсететін қызметтерге тарифтер деңгейін анықтау. Тарифтер белгілеуге өтінімдер қалыптастыру және қорғау және реттелетін қызметтерге арналған тарифтік сметаларды уәкілетті органда бекіту. Өзге заңды тұлғаларға тиісті мұнай құбырларын пайдалану және техникалық күтім жасау бойынша қызметтер көрсетуді жоспарлау, бақылау және есепке алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру. Қызмет құнын есептеу әдістемесін жетілдіру. Шикізат, материалдар, отын, энергия шығындарын, нормативтік техникалық шығындарды тарифтерге қосу үшін қажетті ағымдағы және күрделі жөндеулерге бағытталған шығындар сметаларын қалыптастыру және уәкілетті органда бекіту бойынша қызметті үйлестіру. Тарифтік сметалардың әр бабы бойынша шығындар шамасының негізділігін анықтау. Ұйым қызметін табиғи монополия субъектісі ретінде регламенттейтін заңнамалық база мен өзге құжаттарға өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

82. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасар), менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

5-параграф. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты бойынша есептілікті дайындау

83. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау үшін қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты бойынша және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің нысандары бойынша шоғырландырылған қаржы есебін даярлау және құрастыру, ұйымның Есептік саясатын әзірлеу, қаржылық есептіліктің халықаралық стандартты қолдану бойынша және ұйымда бухгалтерлік есепті жүргізуге қатысты өзге мәселелерге түсіндірмелер даярлау, бухгалтерлік есепті ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік сілтемелер (нұсқаулық, ереже) даярлау, бухгалтерлік есеп шоттарының жұмыс жоспарын әзірлеу, ұйымның несиелік рейтингін алу, қолдау және жақсарту мәселелері бойынша рейтингтік агенттіктермен өзара әрекет ету, инвестициялық жобаларды іске асыру және ұйымның айналымдағы капиталын толықтыру үшін ішкі және сыртқы капитал нарығында қаржы ресурстарын тарту құрылымдары мен сызбаларын әзірлеу.

84. Қызметшілер лауазымдарының болжамды тізбесі: департамент директоры (орынбасар), менеджер (бас), маман (бас, жетекші).

8. Өкілдіктер

1-параграф. Шетелдік серіктес елдердегі өкілдіктер

85. Жұмыстардың болжамды құрамы.

Серіктес елдерге мұнай тасымалдаудың жылдық, тоқсандық және айлық кестелерін даярлау және келісуге қатысу. Бекітілген айлық, тоқсандық және жылдық мұнай тасымалдау кестелерінің орындалуын шұғыл бақылау. Тасымалданатын мұнай көлемдеріне айлық, тоқсандық және жылдық салыстырулар жүргізу. Ұйым қажеттігіне сатып алу жөнінде келісу үшін үлгілерді, жабдықтарды, арнайы техника мен материалдарды іздестіруді және іріктеуді іске асыру. Келіссөздерге қатысу. Әртүрлі ақпаратты жинақтау, алмасу және таратуды ұйымдастыру. Статистикалық және қаржы есептілігін құрастыру және бас ұйымға ұсыну.

86. Лауазымдардың болжамды тізбесі: өкілдік басшысы (орынбасар), менеджер (бас)*, маман (бас), бухгалтер

Мұнай тасымалдау мен су
жіберуді жүзеге асыратын
ұйымдар басшылары,
мамандары мен қызметшілері
санының типтік нормативтеріне
1-қосымша

1. Басшылық

1-параграф. Жалпы басшылық

1-кесте

Лауазымдар атауы	Сан нормативтері, бірлік
Бас директор	1
Бас директордың бірінші орынбасары	1
Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары*	1
Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары*	1
Бас директордың тасымалдау жөніндегі орынбасары*	1
Бас директордың даму жөніндегі орынбасары*	1
Бас директордың бизнесті қолдау жөніндегі орынбасары*	1
Аппарат басшысы*	1
Атқарушы директор*	1
Қаржы директоры*	1

*Басшы лауазымы негізгі қорлар құны 33,00 миллион айлық есептік көрсеткіштерден жоғары жағдайда енгізіледі.

1. Басшылық жанындағы аппарат (мұнай тасымалдау және су жіберу көлемі 10 миллион тоннадан жоғары ұйымдар үшін)

2-кесте

Лауазымдар атауы	Сан нормативтері, адам
Бас директордың кеңесшісі	1
Бас директордың қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі	1
Бас директордың қоғаммен байланыс жөніндегі кеңесшісі	1
Бас директордың көмекшісі	1
АҚ, ТЖ және арнайы бөлім жөніндегі менеджер	1

2. Корпоративтік басқару (акционерлік қоғамдар үшін)

3-кесте

Лауазымдар атауы	Сан нормативтері, бірлік
Корпоративтік хатшы	1
Бас менеджер	1
Менеджер	1
Референт-аудармашы*	1

*Лауазым акционерлік қоғам директорлар кеңесіне бейрезиденттер қатысқан жағдайда енгізіледі.

2. Әкімшілік қамтамасыз ету

1-параграф. Еңбек қорғау, апатқа қарсы жұмысты, өрт қауіпсіздігін, қоршаған ортаны

қорғауды және өндірістік бақылауды қамтамасыз ету

4-кесте

		Ұйым қызметкерлерінің тізімдік саны, адам							
		750-ге дейін	751-1500	1501-2500	2501-3500	3501-4500	4501-5500	5501-6500	6501-ден жоғары
Мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна;	7,5-ке дейін	2	3	4	5	6	7	8	8
	7,6-15,0	2	3	4	5	6	7	8	9
	15,1-25,0	3	4	5	6	7	8	8	9
	25,1-35,0	3	4	5	6	7	8	8	9
	35,1-45,0	3	4	5	6	7	8	9	9
	45,1-55,0	3	4	5	7	7	8	9	10
	55,1-65,0	4	4	6	7	8	8	9	10
	65,1-75,0	4	5	6	7	8	9	9	10
	75,1-ден жоғары	4	5	6	7	8	9	9	10

Сан нормативтері:

$$H = 0,75(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,0034 * X_n + 0,75(\ln(Y_n/Y_1)/\ln(2)) * 0,086 * Y_n$$

мұнда:

X_n – ұйым қызметкерлерінің тізімдік саны, адам;

Y_n – мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна;

X_1 – 500 адамға тең ұйым қызметкерлерінің негізгі тізімдік саны;

Y_1 – 5,0 миллион тоннаға тең мұнай тасымалдаудың және су жіберудің негізгі көлемі.

2-параграф. Адам ресурстарын басқару жұмысын ұйымдастыру

5-кесте

	Ұйым қызметкерлерінің тізімдік саны, адам							
	500-ге дейін	501 -2000	2001-3000	3001-4000	4001-5000	5001-6000	6001-9000	9001-ден жоғары
Сан нормативтері, бірлік	4	5	7	8	9	10	11	12

Сан нормативтері:

$$H = 0,65(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,008 * X_n$$

мұнда:

X_n – ұйым қызметкерлерінің тізімдік саны, адам;

X_1 – 500 адамға тең ұйым қызметкерлерінің негізгі тізімдік саны.

3-параграф. Меншікті және ақпаратты қорғау

6-кесте

		Мұнай және су құбырларының ұзындығы, километр									
		750-ге дейін	751-1500	1501-2500	2501-3500	3501-4500	4501-5500	5501-6500	6501-7500	7501-8500	8501-ден жоғары
Компания қызметкерлерінің тізімдік саны, адам	750-ге дейін	1	1	1	1	2	2	2	2	2	2
	751-1500	1	1	1	2	2	2	2	2	2	2
	1501-2500	1	2	2	2	2	2	2	3	3	3
	2501-3500	2	2	2	2	2	3	3	3	3	3
	3501-4500	2	2	2	3	3	3	3	3	3	3
	4501-5500	2	2	3	3	3	3	3	3	3	4
	5501-6500	2	3	3	3	3	3	3	4	4	4
	6501-7500	3	3	3	3	3	3	4	4	4	4
	7500-ден жоғары	3	3	3	3	4	4	4	4	4	4

Сан нормативтері:

$$H = 0,75(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,0006 * X_n + 0,75(\ln(Y_n/Y_1)/\ln(2)) * 0,001 * Y_n$$

мұнда:

X_n – мұнай және су құбырларының ұзындығы, километр;

Y_n – ұйым қызметкерлерінің тізімдік саны, адам;

X_1 – 500 километрге тең мұнай және су құбырларының негізгі ұзындығы, километр;

Y_1 – 500 адамға тең ұйым қызметкерлерінің негізгі тізімдік саны

4-параграф. Құқықтық қамтамасыз ету

7-кесте

		Ұйым қызметкерлерінің тізімдік саны, адам;							
		750-ге дейін	751- 1500	1501- 2500	2501- 3500	3501- 4500	4501- 5500	5501- 6500	6501- ден жоғары
	7,5-ке дейін	2	3	4	5	6	7	8	8
	7,6- 15,0	2	3	4	5	6	7	8	9
Мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна	15,1- 25,0	3	4	5	6	7	8	8	9
	25,1- 35,0	3	4	5	6	7	8	8	9
	35,1- 45,0	3	4	5	6	7	8	9	9
	45,1- 55,0	3	4	5	7	7	8	9	10
	55,1- 65,0	4	4	6	7	8	8	9	10
	65,1- 75,0	4	5	6	7	8	9	9	10
	75,1- ден жоғары	4	5	6	7	8	9	9	10

Сан нормативтері:

$$H = 0,75(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,0034 * X_n + 0,75(\ln(Y_n/Y_1)/\ln(2)) * 0,086 * Y_n$$

мұнда:

X_n – ұйым қызметкерлерінің тізімдік саны, адам;

Y_n – мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна;

X_1 – 500 адамға тең ұйым қызметкерлерінің негізгі тізімдік саны;

Y_1 – 5,0 миллион тоннаға тең мұнай тасымалдаудың және су жіберудің негізгі көлемі.

5-параграф. Аудиторлық жұмыс

8-кесте

	Мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна		
	20-ға дейін	21 – 60	61-ден жоғары
Сан нормативтері, бірлік	1	2	3

Сан нормативтері:

$$H = 0,7(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,11 * X_n$$

мұнда:

X_n – мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна;

X_1 – 10,0 миллион тоннаға тең мұнай тасымалдаудың және су жіберудің негізгі жылдық көлемі.

6-параграф. Бақылау және ревизия

9-кесте

	Мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна		
	20-ға дейін	21 – 60	61-ден жоғары
Сан нормативтері, бірлік	1	2	3

Сан нормативтері:

$$H = 0,7(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,11 * X_n$$

мұнда:

X_n – мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна;

X_1 – 10,0 миллион тоннаға тең мұнай тасымалдаудың және су жіберудің негізгі жылдық көлемі.

7-параграф. Қоғаммен байланыс жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру (мұнай тасымалдау және су жіберу көлемі 20 миллион тоннадан жоғары ұйымдар үшін)

Сан нормативтері:

10-кесте

Басқару жұмысының атауы	Сан нормативтері, бірлік
Қоғаммен байланыс жөніндегі жұмысты ұйымдастыру	3

8-параграф. Жалпы іс жүргізу

	Ұйымның орталық аппараты қызметкерлерінің тізімдік саны, адам		
	125-ке дейін	126 – 225	226-дан жоғары
Сан нормативтері, бірлік	2	3	4

Сан нормативтері:

$$H = 0,75(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,03 * X_n$$

мұнда:

X_n – ұйымның орталық аппараты қызметкерлерінің тізімдік саны, адам;

X_1 – 50 адамға тең ұйымның орталық аппараты қызметкерлерінің негізгі тізімдік саны.

Кесте бойынша анықталған нормативтік санға қосымша мыналар қосылады:

атқарушы орган хатшысы – 1 адам;

хатшы – ұйым басшысы қызметкерлерінің қабылдау бөлмелеріне 1-кестеге сай 1 адамнан;

ағылшын тілінің аудармашысы – 1 адам.

Мемлекеттік тілді дамыту құрылымы болмаса, орыс тілінен мемлекеттік тілге және мемлекеттік тілден орыс тіліне аудармашылар саны 13-кестеге сай анықталады.

9-параграф. Мемлекеттік тілді дамыту

Басқару жұмысының атауы	Сан нормативтері, адам
Мемлекеттік тілді дамыту	2

12-кесте бойынша мамандардың нормативтік саны 13-кестеге сәйкес көбейеді.

Мемлекеттік тілден орыс тіліне және орыс тілінен мемлекеттік тілге аудармашылар санының нормативтері, 1 000 бетке бір адам (1 баспа бет 2 000 баспа таңба)

	Түпнұсқаның күрделілік тобы		
	I	II	III

	Лексикалық, стилистикалық құрамы және мағыналық мазмұны аудару кезінде қиындық тудырмайтын жалпы және арнайы мәселелер бойынша мәтіндер	Стилистикалық құрамы және мағыналық мазмұны сөздік-анықтамалық әдебиетті пайдалануды көздейтін тар салалық сипаттағы арнайы мәселелер бойынша мәтіндер, сондай-ақ көп салалық тақырыптағы мәтіндер	Лексикалық, стилистикалық құрамы және мағыналық мазмұны сөздік-анықтамалық әдебиетті пайдаланумен қатар, арнайы терминдердің түсінігін ашатын қосымша материалдарды іріктеуді және мамандардың кеңесін көздейтін білімнің жаңа салаларындағы мәтіндер
Мемлекеттік тілден орыс тіліне және орыс тілінен мемлекеттік тілге толық жазбаша аудару	0,41	0,49	0,57
Мемлекеттік тілден орыс тіліне және орыс тілінен мемлекеттік тілге өз аудармасы (толық жазбаша) мәтінін редакциялау	0,13	0,18	0,24
Мемлекеттік тілден орыс тіліне және орыс тілінен мемлекеттік тілге өзгенің аудармасы (толық жазбаша) мәтінін редакциялау	0,21	0,28	0,37

10-параграф. Шаруашылық және көлік қызметін көрсету

14-кесте

	Ұйымның орталық аппараты қызметкерлерінің тізімдік саны, адам					
	75-ке дейін	76-125	126-175	176-225	226-275	276-дан жоғары
Сан нормативтері, бірлік	5	7	8	9	10	11

Сан нормативтері:

$$H = 2 + 0,75(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,07 * X_n$$

мұнда:

X_n – ұйымның орталық аппараты қызметкерлерінің тізімдік саны, адам;

X_1 – 50 адамға тең ұйымның орталық аппараты қызметкерлерінің негізгі тізімдік саны.

Кесте бойынша анықталған сан нормативтеріне қосымша мыналар қосылады: жүргізуші – ұйым меншігінде тұрған автомобильдің техникалық жарамды әр бірлігіне

1 бірліктен, тәулік бойы режимде жұмыс істейтін кезекші автомобильге 4,8 бірлік,

12 сағаттық режимде жұмыс істейтін техникалық жарамды әр автомобильге – 2,4 бірлік.

3. Өндірістік-техникалық қамтамасыз ету

1-параграф. Мұнай тасымалдау және су жіберу

15-кесте

		Мұнай және су құбырларының ұзындығы, километр									
		750- г е дейін	751- 1500	1501 - 2500	2501 - 3500	3501 - 4500	4501 - 5500	5501 - 6500	6501 - 7500	7501 - 8500	8501- ден жоғары
Мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна	7,5-ке дейін	5	5	6	6	7	7	7	7	7	8
	7,6-15,0	5	6	6	7	7	7	7	8	8	8
	15,1-25,0	6	6	7	7	7	8	8	8	8	9
	25,1-35,0	6	7	7	8	8	8	8	9	9	9
	35,1-45,0	6	7	7	8	8	8	9	9	9	9
	45,1-55,0	7	7	8	8	8	9	9	9	9	9
	55,1-65,0	7	7	8	8	9	9	9	9	9	10
	65,1-75,0	7	7	8	8	9	9	9	9	10	10
	75,1-ден жоғары	7	8	8	9	9	9	9	10	10	10

Сан нормативтері:

$$H = 0,60(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,005 * X_n + 0,60(\ln(Y_n/Y_1)/\ln(2)) * 0,44 * Y_n$$

мұнда:

X_n – мұнай және су құбырларының ұзындығы, километр;

	65,1- 75,0	16	17	19	19	20	21	21	22	22	22
	75,1- ден жоғары	17	18	19	20	21	21	22	22	23	23

Сан нормативтері:

$$H = 0,65(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,006 * X_n + 0,65(\ln(Y_n/Y_1)/\ln(2)) * 0,99 * Y_n$$

мұнда:

X_n – мұнай және су құбырларының ұзындығы, километр;

Y_n – мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна;

X_1 – 500 километрге тең мұнай және су құбырларының негізгі ұзындығы;

Y_1 – 5,0 миллион тоннаға тең мұнай мен су тасымалдаудың негізгі көлемі.

4-параграф. Технологиялық үдерістерді басқаруды автоматтандырылған жүйесін,

диспетчерлік бақылау және құбырларды басқару жүйесін, метрологиялық қамтамасыз

етуді пайдалану және дамыту

18-кесте

	Мұнай және су құбырларының ұзындығы, километр							
	500-ге дейін	501 - 2000	2001- 3000	3001- 4000	4001- 5000	5001- 7000	7001- 8000	8001-ден жоғары
Сан нормативтері, бірлік	3	4	5	6	7	8	9	10

Сан нормативтері:

$$H = 0,70(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,005 * X_n$$

мұнда:

X_n – мұнай және су құбырларының ұзындығы, километр;

X_1 – 500 километрге тең мұнай және су құбырының негізгі ұзындығы.

5-параграф. Телекоммуникация жүйелерін пайдалану және дамыту (мұнай құбыры мен

оның инфрақұрылымына қызмет көрсету бойынша жұмыстарды сатып алатын

ұйымдар үшін таратылмайды)

	Мұнай және су құбырларының ұзындығы, километр							
	750-ге дейін	751-1500	1501-2500	2501-3500	3501-4500	4501-6500	6501-8500	8501-ден жоғары
Сан нормативтері, бірлік	1	2	3	4	5	6	7	8

Сан нормативтері:

$$H = 0,75(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,0029 * X_n$$

мұнда:

X_n – мұнай және су құбырларының ұзындығы, километр;

X_1 – 500 километр-ге тең мұнай және су құбырының негізгі ұзындығы.

4. Күрделі құрылыс

1-параграф. Жобалау-іздестіру жұмыстары, жобалық-сметалық құжаттамаларды және

техникалық-экономикалық негіздемелерді (инжиниринг) әзірлеу

	Күрделі құрылыс және күрделі жөндеу көлемі, миллион айлық есептік көрсеткіштер						
	18,0-ге дейін	18,1-30,0	30,1-40,0	40,1-50,0	50,1-68,0	68,1-80,0	80,1-ден жоғары
Сан нормативтері, бірлік	8	11	14	18	19	21	23

Сан нормативтері:

$$H = 0,75(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,37 * X_n$$

мұнда:

X_n – күрделі құрылыс және күрделі жөндеу көлемі, миллион айлық есептік көрсеткіштер;

X_1 – 12 миллион айлық есептік көрсеткіштерге тең күрделі құрылыс пен күрделі жөндеудің негізгі көлемі.

2-параграф. Күрделі құрылыс және күрделі жөндеу

Күрделі құрылыс және күрделі жөндеу көлемі, миллион айлық есептік көрсеткіштер							

Мұнай және су құбырларының ұзындығы, километр	3501-4500	4	5	5	6	6	6	7	7	7
	4501-5500	5	5	6	6	6	7	7	7	8
	5501-6500	5	6	6	7	7	7	8	8	8
	6501-7500	6	6	7	7	8	8	8	8	9
	7501-ден жоғары	6	7	7	8	8	8	9	9	9

Сан нормативтері:

$$H = 0,80(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,027 * X_n + 0,80(\ln(Y_n/Y_1)/\ln(2)) * 0,0017 * Y_n$$

мұнда:

X_n – негізгі қорлар құны, миллион айлық есептік көрсеткіштер;

Y_n – мұнай және су құбырларының ұзындығы, километр;

X_1 – 18 миллион айлық есептік көрсеткіштерге тең негізгі қорлардың негізгі құны;

Y_1 – 500 километрге тең мұнай және су құбырларының негізгі ұзындығы.

2-параграф. Келісімшарттар мен клирингтік операцияларды сатып алу, сүйемелдеу

23-кесте

		Негізгі қорлар құны, миллион айлық есептік көрсеткіштер								
		27-ге дейін	28-46	47-65	66-83	84-102	103-120	121-139	140-157	157-ден жоғары
Мұнай тасымалдаудың және су жіберудің	7,5-ке дейін	4	5	5	6	7	7	8	8	8
	7,6-15,0	4	5	6	7	7	8	8	9	9
	15,1-25,0	5	6	7	8	8	9	9	10	10
	25,1-35,0	6	7	8	9	9	10	10	10	11
	35,1-45,0	7	8	9	9	10	10	11	11	12
	45,1-55,0	8	9	9	10	10	11	11	12	12
	55,1-65,0	8	9	10	10	11	12	12	12	13
	65,1-75,0	9	10	10	11	12	12	12	13	13
	75,1-ден	9	10	11	12	12	13	13		14

жылдық көлемі, миллион тонна.	жоғары									13	
-------------------------------	--------	--	--	--	--	--	--	--	--	----	--

Сан нормативтері:

$$H = 0,7(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,08 * X_n + 0,75(\ln(Y_n/Y_1)/\ln(2)) * 0,27 * Y_n$$

мұнда:

X_n – негізгі қорлар құны, миллион айлық есептік көрсеткіштер;

Y_n – мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна;

X_1 – миллион айлық есептік көрсеткіштерге тең негізгі қорлардың негізгі құны;

Y_1 – 5,0 миллион тоннаға тең мұнай мен суды тасымалдаудың негізгі көлемі.

6. Даму блогы

1-параграф. Тәуекелдерді басқару.

24-кесте

		Мұнай және су құбырларының ұзындығы, километр									
		750- дейін	751- 1500	1501- 2500	2501- 3500	3501- 4500	4501- 5500	5501- 6500	6501- 7500	7501- 8500	8501-ден жоғары
Ұйым қызметкерлерінің тізімдік саны, адам	750-ге дейін	1	1	1	1	2	2	2	2	2	2
	751-1500	1	1	1	2	2	2	2	2	2	2
	1501- 2500	1	2	2	2	2	2	2	3	3	3
	2501- 3500	2	2	2	2	2	3	3	3	3	3
	3501- 4500	2	2	2	3	3	3	3	3	3	3
	4501- 5500	2	2	3	3	3	3	3	3	3	4
	5501- 6500	2	3	3	3	3	3	3	4	4	4
	6501- 7500	3	3	3	3	3	3	4	4	4	4
	7501-ден жоғары	3	3	3	3	4	4	4	4	4	4

Сан нормативтері:

$$H = 0,75(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,0006 * X_n + 0,75(\ln(Y_n/Y_1)/\ln(2)) * 0,001 * Y_n$$

мұнда:

X_n – мұнай және су құбырларының ұзындығы, километр;

Y_n – ұйым қызметкерлерінің тізімдік саны, адам;

X1 – 500 километрге тең мұнай және су құбырларының негізгі ұзындығы.

Y1 – 500 адамға тең ұйым қызметкерлерінің базалық тізімдік саны.

2-параграф. Ықпалдастырылған менеджмент жүйесін басқару

Сан нормативтері:

25-кесте

Ұйымның орталық аппараты қызметкерлерінің тізімдік саны, адам	Сан нормативі, адам
100-ге дейін	1
101-ден және одан да көп	3

3-параграф. Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму (мұнай тасымалдау және су жіберу көлемі 20 миллион тоннадан жоғары ұйымдар үшін)

26-кесте

	Мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна			
	30,00-ге дейін	30,10-50,00	50,10-70,00	70,10-нан жоғары
Сан нормативтері, бірлік	3	5	6	7

Сан нормативтері:

$$H = 0,80(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,145 * X_n$$

мұнда:

X_n – мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна;

X₁ – 20,00 миллион тоннаға тең мұнай тасымалдаудың және су жіберудің негізгі көлемі.

4-параграф. Активтерді басқару және инвестициялық талдау

27-кесте

	Мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна;			
	30,00-ге дейін	30,10-50,00	50,10-70,00	70,10-нан жоғары
Сан нормативтері, бірлік	3	5	6	7

Сан нормативтері:

$$H = 0,80(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,145 * X_n$$

мұнда:

X_n – мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна;

X_1 – 20,00 миллион тоннаға тең мұнай тасымалдаудың және су жіберудің негізгі көлемі.

5-параграф. Инвесторлармен байланыс жөніндегі жұмыстар

Сан нормативтері:

28-кесте

Инвесторлар саны, адам	Сан нормативтері, адам
100-ге дейін	1
101-ден және одан көп	3

7. Қаржы-экономикалық блок

1-параграф. Жоспарлау және экономикалық талдау

29-кесте

		Негізгі қорлар құны, миллион айлық есептік көрсеткіштер							
		27,0-ге дейін	28,0-46,0	47,0-65,0	66,0-83,0	84,0-102,0	103,0-120,0	121,0-139,0	139,0-ден жоғары
Мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна	7,5-ке дейін	5	7	8	8	9	10	10	11
	7,6-15,0	7	8	9	10	10	11	11	12
	15,1-25,0	8	10	11	11	12	13	13	14
	25,1-35,0	10	11	12	13	14	14	15	15
	35,1-45,0	11	12	13	14	15	15	16	16
	45,1-55,0	12	13	14	15	16	16	17	17
	55,1-65,0	13	14	15	16	17	18	18	18
	65,1-75,0	14	15	16	17	18	18	19	19
	75,1-ден жоғары	15	16	17	18	19	19	20	20

Сан нормативтері:

$$H = 0,70(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,103 * X_n + 0,75(\ln(Y_n/Y_1)/\ln(2)) * 0,4735 * Y_n$$

мұнда:

X_n – негізгі қорлар құны, миллион айлық есептік көрсеткіштер;

Y_n – мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна;

X_1 – 18 миллион айлық есептік көрсеткіштерге тең негізгі қорлардың негізгі құны;

Y1 – 5,0 миллион тоннаға тең мұнай тасымалдаудың және су жіберудің негізгі көлемі.

2-параграф. Бухгалтерлік есеп, есептілік және салық салу

30-кесте

		Ұйым қызметкерлерінің тізімдік саны, адам;							
		750-ге дейін	751-1500	1501-2500	2501-3500	3501-4500	4501-5500	5501-6500	6501-ден жоғары
Мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна;	7,5-ге дейін	5	6	7	7	8	9	9	10
	7,6-15,0	7	8	9	9	10	11	11	12
	15,1-25,0	10	11	11	12	13	13	14	14
	25,1-35,0	12	13	14	14	15	15	16	16
	35,1-45,0	14	15	15	16	17	17	18	18
	45,1-55,0	16	16	17	18	18	19	20	20
	55,1-65,0	17	18	19	19	20	21	21	22
	65,1-75,0	19	19	20	21	22	22	23	23
	75,1-ден жоғары	20	21	22	22	23	23	24	24

Сан нормативтері:

$$H = 1 + 0,8(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,0017 * X_n + 0,75(\ln(Y_n/Y_1)/\ln(2)) * 0,727 * Y_n$$

мұнда:

X_n – ұйым қызметкерлерінің тізімдік саны, адам;

Y_n – мұнай тасымалдаудың және су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна;

X_1 – 500 адамға тең компания қызметкерлерінің негізгі саны;

Y_1 – 5,0 миллион тоннаға тең мұнай тасымалдаудың және су жіберудің негізгі көлемі.

3-параграф. Қаржы ағындарын ұйымдастыру (Қазынашылық)

31-кесте

	Мұнай тасымалдау мен су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна					
	7,0-ге дейін	7,1-15,0	15,1-30,0	30,1-50,0	50,1-70,0	70,1-ден жоғары
Сан нормативтері, бірлік	2	3	5	7	9	10

Сан нормативтері:

$$H = 0,75(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,404 * X_n$$

мұнда:

X_n – мұнай тасымалдау мен су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна.;

X_1 – 5,00 миллион тоннаға тең мұнай тасымалдау мен су жіберудің негізгі көлемі.

4-параграф. Тарифтік реттеу

32-кесте

		Мұнай мен су құбырларының ұзындығы, километр									
		750- г е дейін	751- 1500	1501 - 2500	2501 - 3500	3501 - 4500	4501 - 5500	5501 - 6500	6501 - 7500	7501 - 8500	8501- ден жоғары
Мұнай тасымалдау мен су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна	7,5-ке дейін	1	2	2	3	4	4	4	5	5	6
	7,6-15,0	1	2	3	3	4	4	5	5	5	6
	15,1-25,0	1	2	3	3	4	4	5	5	6	6
	25,1-35,0	2	2	3	3	4	4	5	5	6	6
	35,1-45,0	2	2	3	4	4	5	5	5	6	6
	45,1-55,0	2	2	3	4	4	5	5	5	6	6
	55,1-65,0	2	2	3	4	4	5	5	6	6	6
	65,1-75,0	2	2	3	4	4	5	5	6	6	6
	75,1-ден жоғары	2	3	3	4	4	5	5	6	6	6

Сан нормативтері:

$$H = 0,75(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,002 * X_n + 0,75(\ln(Y_n/Y_1)/\ln(2)) * 0,04 * Y_n$$

мұнда:

X_n – мұнай мен су құбырларының ұзындығы, километр;

Y_n – мұнай тасымалдау мен су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна;

X_1 – 500 километрге тең мұнай және су құбырының негізгі ұзындығы;

Y_1 – 5,0 миллион тоннаға тең мұнай тасымалдау мен су жіберудің негізгі көлемі.

5-параграф. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты бойынша есептілікті дайындау

33-кесте

		Ұйым қызметкерлерінің тізімдік саны, адам							
		750-ге дейін	751-1500	1501-2500	2501-3500	3501-4500	4501-5500	5501-6500	6501-ден жоғары
Мұнай тасымалдау мен су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна	7,5-ке дейін	1	2	2	3	3	4	4	5
	7,6-15,0	2	2	3	3	4	4	5	5
	15,1-25,0	2	2	3	4	4	4	5	5
	25,1-35,0	2	3	3	4	4	5	5	5
	35,1-45,0	2	3	4	4	5	5	5	6
	45,1-55,0	3	3	4	4	5	5	6	6
	55,1-65,0	3	3	4	4	5	5	6	6
	65,1-75,0	3	3	4	5	5	6	6	6
	75,1-ден жоғары	3	4	4	5	5	6	6	6

Сан нормативтері:

$$H = 0,75(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,0018 * X_n + 0,75(\ln(Y_n/Y_1)/\ln(2)) * 0,09 * Y_n$$

мұнда:

X_n – ұйым қызметкерлерінің тізімдік саны, адам;

Y_n – мұнай тасымалдау мен су жіберудің жылдық көлемі, миллион тонна;

X_1 – 500 адамға тең ұйым қызметкерлерінің негізгі тізімдік саны;

Y_1 – 5,0 миллион тоннаға тең мұнай тасымалдау мен су жіберудің негізгі көлемі.

8. Өкілдіктер

1-параграф. Шетелдік серіктес елдердегі өкілдіктер

34-кесте

"Шетелдік серіктес елдердегі өкілдіктер" қызметі бойынша басшылар мен мамандардың нормативтік саны, адам

		Серіктес елмен мұнай экспорты мен импортының жиынтық жылдық көлемі, миллион тонна							
		5,0-ге дейін	5,1-10,0	10,1-20,0	20,1-30,0	30,1-40,0	40,1-50,0	50,1-60,0	60,1-ден жоғары
	жоқ	2	3	5	6	8	10	11	12
	1	5	6	8	9	11	13	14	15

Серіктес ел аумағында ҚТТ саны, бірлік	2	8	9	11	12	14	16	17	18
	2-ден астам	11	12	14	15	17	19	20	21

Сан нормативтері:

$$H = 0,8(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,51 * X_n + 3 * Y_n$$

мұнда:

X_n – серіктес елмен мұнай экспорты мен импортының жиынтық жылдық көлемі, миллион тонна;

Y_n – серіктес ел аумағында ҚТТ саны, бірлік;

X_b – 3,0 миллион тоннаға тең серіктес елмен мұнай экспорты мен импортының негізгі жиынтық жылдық көлемі.

Кесте бойынша анықталған нормативтік санға қосымша бір техникалық бүтін автомобильге 1 адамнан – жүргізуші, Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығының мүшесі болып табылмайтын өкілдіктер үшін 1 адам – аудармашы қосылады.

Мұнай тасымалдау мен су
жіберуді жүзеге асыратын
ұйымдар басшылары,
мамандары мен қызметшілері
санының типтік нормативтеріне
2-қосымша

Басшылар, мамандар және қызметшілер санының нормативтерін анықтаудың желілік-логарифмдік үлгісінің формулаларына түсіндірмелер

Нормативтер желілік-логарифмдік үлгіні қолдану арқылы есептелген.

Осы үлгі негізіне қайталанатын іс-әрекетті жасаған кезде өнімділік жұмыс көлемі артатын әр кезде барынша тұрақты және болжамды үлгіде артады деген болжам жатыр.

Әкімшілік – басқару қызметкерлерінің еңбегі ақпаратты жинақтаумен, жүйелеумен, өңдеумен және жинақталған ақпарат пен жинақталған тәжірибе негізінде шешім шығарумен байланысты ой еңбегінің әр түрі болып табылады.

Бұл үлгі жұмыс көлемінің артуымен жұмыс бірлігін орындау үшін қажетті еңбек шығындары азаятындығын көрсетеді.

Нормативтерде үлгілер формулалармен көрсетілген, мұнда сан нормативі – H

$$H = F(X_n) = A(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * B * X_n$$

мұнда:

X_n – норма түзетін көрсеткіш.

1) $X_n > 0$;

2) $X_1 - X_n$. қабылдай алатын ең кіші мән (X_1 – әр норма түзетін көрсеткіш үшін жеке анықталған. Осы мағынаның экономикалық мәні ол нормативті санды анықтау үшін бастапқы нүкте болып табылатындығы).

3) $X_n ? X_1$

А және В коэффициенттері басқарманың әр қызметі үшін эконометрикалық әдістерді қолдану арқылы жеке есептелген.

Қызметтер бойынша мамандардың сан нормативін есептеу мысалы.

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмыстарды, сондай-ақ ықшамдалған жұмыс және төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

Нормативтерде мынадай формула берілген:

$$H = 0,75(\ln(X_n/X_1)/\ln(2)) * 0,001 * X_n + 0,75(\ln(Y_n/Y_1)/\ln(2)) * 0,0017 * Y_n$$

мұнда:

X_n – мұнай және су құбырларының ұзындығы, километр;

Y_n – ұйым қызметкерлерінің тізімдік саны, адам;

X_1 – 500 километрге тең мұнай және су құбырының негізгі ұзындығы;

Y_1 – 500 адамға тең ұйым қызметкерлерінің негізгі тізімдік саны.

Нақты құбыр компаниясы үшін X_n және Y_n норма түзетін көрсеткіштер мәнін анықтаймыз:

1) мұнай және су құбырының ұзындығы, километр – 4852 километр;

2) ұйым қызметкерлерінің тізімдік саны, адам – 3160 адам.

Норма түзетін көрсеткіштер мәндерін формулаға енгіземіз:

$$H = 0,75(\ln(4852/500)/\ln(2)) * 0,001 * 4852 + 0,75(\ln(3160/500)/\ln(2)) * 0,0017 * 3160$$

$$a) \ln(4852/500)/\ln(2) = 2,27/0,69 = 3,29$$

$$\ln(3160/500)/\ln(2) = 1,84/0,69 = 2,67$$

$\ln$ – табиғи логарифм. 4852/500-ден логарифм мәнін анықтау үшін Excel Microsoft office қосымшасын пайдалану керек. Excel бетінің ұяшығына мына теңдеуді саламыз: " $=\text{LN}(4852/500)$ ". 2-ден логарифм үшін: " $=\text{LN}(2)$ ".

$$б) 0,75(\ln(4852/500)/\ln(2)) = 0,753,29 = 0,39$$

$$0,75(\ln(3160/500)/\ln(2)) = 0,752,67 = 0,46$$

Excel бетінің ұяшығына мына теңдеу енгізіледі: " $=0,75^3,29$ "; " $=0,75^2,67$ ".

$$B) H = 0,39 * 0,001 * 4852 + 0,46 * 0,0017 * 3160 = 1,88 + 2,49 = 4,37 ? 4 \text{ бірлік}$$

Қызметтер бойынша сан нормативі: Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмысты, сондай-ақ ықшамдалған жұмысты және төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс бойынша жұмыстарды ұйымдастыру 4 бірлікті құрайды.

г) егер ұйым шетелдік капитал қатысқан бірлескен кәсіпорын болса, есептелген нормаға шетелдік мамандар санын ескеретін 1,2 коэффициенті қолданылады.

$$4,37 * 1,2 = 5,24 \approx 5 \text{ бірлік.}$$

Ескертпе. Сан нормативін формулалар көмегімен есептеген жағдайда, 8 және 11-тармақтарының жалпы бөлігінде ескертілген шарттарды назарға алу керек.

Қазақстан Республикасы
Мұнай және газ министрінің
201 жылғы 11 маусымдағы
№ 107 бұйрығымен
бекітілді

Мұнай тасымалдау мен су жіберуді жүзеге асыратын ұйымдарының өнеркәсіптік-өндірістік персоналы санының типтік нормативтері

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Мұнай тасымалдау мен су жіберуді жүзеге асыратын ұйымдарының өнеркәсіптік-өндірістік персоналы санының типтік нормативтері (бұдан әрі – нормативтер) мұнай тасымалдау мен су жіберуді жүзеге асыратын ұйым жабдықтары мен құрылыстарын басқарумен, пайдаланумен, қызмет көрсетумен, жөндеумен айналысатын қызметкерлер санын анықтауға арналған.

2. Нормативтер осы нормативтерге 1-қосымшаға сай құбыр көлігінің нысандарын техникалық пайдалану қағидаларына, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырудың бірыңғай жүйесін, өндірістік санитария және пайдалану мен жөндеу жұмыстары барлық кешенінің өндірістік нұсқаулықтарына сәйкес пайдалану және жөндеу жұмыстарын орындау үшін жұмысшылардың, басшылардың, мамандардың және қызметшілердің қажетті санын қарастырады.

3. Сан нормативтерін әзірлеу негізіне:

1) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен 2010 жылғы 7 желтоқсанда келісілген және Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрлігі бекіткен (2010 жылғы

28 желтоқсандағы № 396) "Мұнай тасымалдауды және су жіберуді жүзеге асыратын ұйымдар (кәсіпорындар, компаниялар) өнеркәсіптік-өндірістік қызметкерлері санының типтік нормативтері";

2) ұйым қызметкерлерінің саны туралы есептік деректер мен әр қызмет бойынша орындалатын жұмыс көлемдері;

3) санға әсер ететін факторлардың мөлшерлік мәні;

4) нысандар мен жабдықтардың техникалық сипаттамалары;

5) мұнай айдау және су айдау стансалары нысандарына қызмет көрсету кезінде еңбекті, өндірісті ұйымдастыруды, жұмыс уақытын пайдалануды талдау нәтижелерінің деректері;

6) техникалық есептер алынды.

4. Қызметкерлердің сан нормативтері тиісті нормалар мен қағидаларды сақтай отырып, жұмыстарды орындаудың барынша кең тараған шарттары үшін белгіленген.

5. Қызметкерлердің сан нормативтері тұтас алғанда ұйым нормативтері бойынша есептеледі. Ұйымның бірінші басшысы осы санды құрылымдық бөлімшелер бойынша олардың нақты құрамын, оларға бекітілген жабдықтарды, қызметтерді және құрылғыларды есепке алып таратады.

Егер осы нормативтер бойынша жұмыс орнында орындаушылардың бір саны қарастырылған, ал еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптары бойынша жұмысшылардың көп саны қарастырылған болса, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарымен көзделген сан белгіленеді.

Егер жабдыққа немесе саны кем нысанға жұмысшылар қызмет көрсеткен немесе осы нормативтермен көзделген санына қарамастан одан астам жабдыққа қызмет көрсетілген жағдайда және бұл ретте тапсырылған жұмыс көлемі еңбекті қорғау мен үдерістер технологиясы бұзылмай орындалса, онда жұмысшылардың нақты саны сақталады.

6. "Дейін" деп көрсетілген сан нормативтерін есептеу кезінде пайдаланылатын сан көрсеткіштерінің шектері қоса алынады деп түсіну керек. Мұнай құбыры көлігі басқармаларының және бөлімшелерінің санын анықтау үшін негізгі көрсеткіштердің болжамды тізбесі осы нормативтерге

2-қосымшада келтірілген.

7. Тұтас санға дейін дөңгелектеуге ұйым бойынша жеке жұмысшылардың жиынтық саны және басшылар мен мамандар жиынтық саны ғана жатады.

8. Нормативтер мыналарды есепке алып қызметкерлердің орташа жылдық тізімдік санын белгілейді:

1) дайындық-қорытынды жұмысқа, демалысқа, жеке қажеттіліктерге және жұмыс орнына қызмет көрсетуге жұмсалатын уақыт шығыны;

2) жұмыс жүргізетін орынға дейін жол жүруге, қызметшінің жедел дайындығына кететін уақыт шығыны;

3) жұмыс уақытының орташа жылдық пайдалы қоры.

9. Тізімдік сан нормативтері кестелерге ескертпелерде сөз болған жағдайлардан басқа, негізінен жұмыстың 3 ауысымдық режиміне келтірілген.

10. Үздіксіз өндіріс жағдайында тізімдік санды анықтау үшін жұмысқа келетіндер санынан тізімдік санға өту коэффициенті пайдаланылады. Осы мақсат үшін жұмысқа келетіндер санының нормативі жұмыстың сәйкес көлеміне,

қызмет көрсетудің ауысым санына, содан кейін жұмысқа келетіндер санынан тізімдік санға өтуді анықтайтын коэффициентке көбейтіледі және үздіксіз өндіріс жағдайындағы жұмыс үшін $K = 1,6$ коэффициенті мен бір ауысымдық өндіріс үшін 1,15 коэффициенті қабылданады.

11. Технологиялық, энергетикалық жабдықты, бақылау-өлшеу құралдарын, автоматика және телемеханика құралдарын, электрохимиялық қорғану құралдарын, электрберу жүйелері, қосалқы стансалар мен мұнай айдау стансаларын жөндеумен айналысатын жұмысшылар үшін өнеркәсіптік-өндірістік персоналының сан нормативтері 26-33-тармақтарда берілген.

12. Желілік өндірістік-диспетчерлік стансаларға, мұнай айдау стансаларына, мұнай қыздыру стансаларына, мұнай құю эстакадаларына (мұнай құю пункттеріне), апаттық-қалпына келтіру пункттеріне еңбекті ұйымдастырудың вахталық әдісімен қызмет көрсетуі кезінде көзделген мамандар саны екі еселенеді.

13. Қызметкерлердің нормативтік саны ұйым нақты пайдаланатын құрылыстар кешендері бойынша ғана есептеледі.

14. Постылардың орналасқан жері мен олардың жұмыс режимін белгілеп, филиалдар нысандары бойынша бекітілген актіні басшылыққа ала отырып есептеу жолымен саны айқындалатын ведомстволық күзет және өрттен қорғау қызметкерлерінің саны. Бұл жағдайда әр постыға жұмыс режимін басшылыққа ала отырып, мынадай сан қабылданады:

- 1) жұмыс кестесі 24 сағаттық төрт ауысымдық жағдайда – 4,8 адам;
- 2) жұмыс кестесі 16 сағаттық екі ауысымдық жағдайда – 3 адам;
- 3) жұмыс кестесі 12 сағаттық екі ауысымдық жағдайда – 2 адам;
- 4) жұмыс кестесі 8 сағаттық бір ауысымдық жағдайда – 1,5 адам.

Өрт-күзет қорғау басшыларының саны күзет санына қарай белгіленеді:

70 адамға дейін – 5 адам, 70 адамнан жоғары – 6 адам.

15. Баланыста тұрған автомобиль көлігіне және арнайы техникаға қызмет көрсету бойынша саны, жүргізуші құрамы мен машинистерді қоса алғанда, техникалық жарамды автомобильдердің және арнайы техникалардың санын басшылыққа ала отырып, көліктің әр бірлігіне және арнайы техникаға бір адамнан, мұнай айдау стансаларына және өзге нысандарға қызмет көрсететін автокөлікке және арнайы техникаға және апаттық қалпына келтіру пункттері үшін арнайы техникаға (экскаватор, автошығыран, жылжымалы сорап агрегаты, цементтеуші агрегат, жылжымалы парафиннен айыратын қондырғы) еңбекті ұйымдастырудың вахталық әдісімен жұмыс істейтін 2,45 адамнан және еңбекті ұйымдастырудың вахталық әдісі бойынша жұмыс істейтін және

2 адамнан және кезекші болып табылатын әрі филиалдардың жедел қызметкерлерін тасымалдауды жүзеге асыратын автомобильге (оның ішінде

өрттік) 5 адамнан бухгалтерлік есеп деректеріне сәйкес есептеледі. Барлық жөндеу жұмыстарын орындау жөніндегі қызметкерлер (автомобильдерді жөндейтін слесарі, электр-газбен дәнекерлеуші, аккумуляторшы, күйдіріп жабыстырушы және басқалары) автокөліктің және өзге механизмдердің 7 бірлігіне 1 адам және тракторлар мен аспалы жабдықты (тракторлар, бульдозерлер, барлық типтегі экскаваторлар, құбыр төсегіштер, автомобиль шығырандары, авто гидро көтергіштер және телескоптық мұнаралар, айырлы және ожаулы тиегіштер, шынжыр табанды тартқыштар мен 30 тонна және одан жоғары жүкті автомобильдік тартқыштар, скреперлер, грейдерлер) тракторлардың 4 бірлігіне 1 адам есебінен шығып анықталады. Көрсетілген автомобильдер санын анықтауға арналған коэффициенттер кестесі осы нормативтерге 5-қосымшада келтірілген.

16. Қазандық және жылу желілеріне қызмет көрсетумен айналысушы, электр тарату желілерінде және қосалқы стансаларда (осы нормативтердің

1-қосымшасының 2-бөлімінің 4-параграфы, 15-кестесі), пайдалану және жөндеу жұмыстарын орындаушы жұмысшылар саны келтірілген нормативтермен есептеледі, сондай-ақ қажет болса есептерді нақтылауда Қазақстан Республикасында қолданыстағы сан нормативтері мен нормативтік құқықтық актілер пайдаланылады.

Өндірістік үй-жайларды тазалаушылар, сондай-ақ оқу комбинатына қызмет көрсетушілер саны да Қазақстан Республикасында қолданыстағы сан нормативтері мен нормативтік құқықтық актілер негізінде есептеледі.

17. Осы нормативтердегі жұмысшылар кәсібі мен қызметкерлер лауазымдарының атаулары Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы №201-ө-м бұйрығымен бекітілген Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы және Басшылар, мамандар мен өзге қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес келтірілген.

18. Келушілер санынан тізімдік санға өту коэффициентін есептеу әдістемесі.

Еңбектің жылдық шығындары бойынша есептелген үздіксіз өндіріс жағдайында (жұмыстар демалыс және мерекелік күндері жүргізіледі) сан нормативтеріне коэффициент қолданылады:

мұнда: T – жылына 365 күнге тең жабдыққа қызмет көрсету (жұмыс жүргізу) уақыты;

A – орташа түрде бір жұмыскерге келетін жұмысқа шықпаған күндер саны:

мұнда:

O – еңбекақысы сақталмай берілетін демалыстардан басқа заңмен қарастырылған кезекті және қосымша (оқу, зиянды шарттар үшін, жұмыс өтілі

және басқа) демалыс күндерінің саны кәсіпорын бойынша бұйрық негізінде анықталады;

P – жүктілік пен бала тууға байланысты демалыс күндерінің саны. Еңбекке жарамсыз парағы негізінде анықталады;

B – сырқаттанған күндерінің саны. P ұқсас анықталады;

Γ – мемлекеттік және қоғамдық міндеттемелерді орындау күні (әскери комиссариатқа бару, жарыстарға, ауыл шаруашылық жұмыстарына қатысу және тағы басқа). Өткен жылдың есептік деректері бойынша анықталады;

$Mл$ – жұмыс күнінің ұзақтығымен байланысты бала емізетін және жасөспірімдердің жұмыс істемеген күндерінің саны (саны осы нормативтермен анықталмайтын оқушылардан басқа);

B – Демалыс күндерінің саны (сенбі және жексенбі).

Егер кәсіпорында жұмысқа шықпайтын күндер саны ("А" үшін мәні) сенбі күндері ескеріліп анықталса, "А" мәні 0,83 коэффициентіне түзетіледі. Шықпаған күндердің жиынтық сомасы демалысқа шықпаған жұмысшылар санына емес, кәсіпорын (цех) бойынша жұмысшылардың барлық орташа тізімдік санына бөлінеді.

Мысалы: еңбектің жылдық шығындары бойынша есептелген үздіксіз өндіріс жағдайында сан нормативтері үшін коэффициенттерді есептеу:

$$T = 365;$$

$$A = O + P + B + \Gamma + Mл + B = 136,7;$$

$$O = 24;$$

$$P = 0,2;$$

$$B = 8,3;$$

$$\Gamma = 0,1;$$

$$Mл = 0,1;$$

$$B = 104;$$

Үздіксіз өндіріс жағдайында сан нормативтеріне коэффициент қолданылады: мұнда:

$T1$ – 251 күнге тең (103 демалыс және 11 мерекелік күнсіз 365) жылына жабдықтарға қызмет көрсету (жұмыс жасау) уақыты;

$A1$ – бір жұмысшының жұмысқа шықпаған күн саны.

мұнда үздіксіз өндіріс үшін арналған формуладағыдай мәндер бірдей.

Мысалы: үздіксіз өндіріс жағдайы үшін коэффициентті есептеу:

$$T1 = 251;$$

$$A1 = O + P + B + \Gamma + Mл = 32,7$$

Осы үлгімен, егер келушілер санының нормативі – ауысымда 1 адам болса, онда үш ауысымды жұмыс және 1,6 өтпе коэффициенті жағдайда нормативтік

тізімдік сан 5 адамды құрайды (1х3х1,6), келушілер санының нормативі 0,5 адам жағдайында ауысымда нормативтік тізімдік сан мынаны құрайды:

$$0,5 \times 3 \times 1,6 = 2,4; \text{ яғни } 2 \text{ адам.}$$

2-бөлім. Еңбекті ұйымдастыру

19. Мұнай айдау және су айдау нысандарына қызмет көрсетумен, технологиялық, энергетикалық жабдықты, бақылау-өлшеу құралдарын, автоматика және телемеханика құралдарын, электрхимиялық қорғану құралдарын, электр беру жүйелерін және қосалқы стансаларды жөндеумен айналысатын жұмыскерлердің сан нормативтері мұнай, газ және суды тасымалдау бойынша кәсіпорындар мен ұйымдарға тән еңбек және өндірісті ұйымдастыруға есептелген.

20. Мұнай айдау және су айдау стансалары нысандарына қызмет көрсету және жөндеуге мыналар кіреді: мұнай айдау стансалары, сығымдауды жеңілдеткіштер, турбуленттікке қарсы және ингибиторлық қондырғылар, құятын сорап стансалары, жұмыс істеп тұрған сұйыққоймалар, қабылдау-тапсыру пункттері, құю және қотару эстакадалары мен айлақтары, темір жолдар, парафинді мұнайды қыздыру пункттері, мұнай қойыртпағын өңдеу қондырғылары, қазандықтар, балластты және өнеркәсіптік кәріз суларды тазарту учаскелері, магистральдық құбырлар мен құрылыстар, орнықты дизель электр стансалары, су сорап стансалары, су құбыры мен кәріздің тазарту құрылыстары, су сақтау және жинақтауға арналған құрылыстар, газ тарату пункттері (стансалары) және басқалары.

21. Жұмыстарды Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына сай тиісті біліктілігі бар жұмыскерлер орындайды.

Нысан жабдықтарына күтім жасау және жөндеумен айналысатын жұмыскерлер еңбегін ұйымдастыру нысаны – жеке және бригадалық (мамандандырылған немесе кешенді бригадалар).

Бригадалардың (буындардың) сан және кәсіби-біліктілік құрамы, кәсіптердің қоса атқарылуы ескеріліп, бригаданың барлық мүшесін бірқалыпты және толық жүктеуді қамтамасыз ету мақсатында орындалатын жұмыс көлемі мен құрамына байланысты белгіленеді.

Пайдалану және жөндеу персоналы Техникалық пайдалану қағидасына және Құрылыс нормалары мен қағидалары, Қазақстан Республикасының

2011 жылғы 30 желтоқсандағы №1682 қаулысымен бекітілген Өрт қауіпсіздігі қағидасына сәйкес кәсіптер бойынша өндірістік, лауазымдық және жұмыс нұсқаулықтарына сәйкес жабдықтар мен құбырларға техникалық қызмет көрсету

және жөндеу жұмыстарының бүкіл кешенін орындайды. Әдеттегі жағдайларда тартылған магистральдық мұнай құбырлары желілік бөлігіне техникалық қызмет көрсету және жөндеу іс-шараларының болжамды еңбек ауқымы осы нормативтерге 4-қосымшада көрсетілген.

22. Мұнай айдау және су айдау стансалары нысандарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу қызметтері кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері арасында мынадай түрде бөлінеді:

1) техникалық қызмет көрсету мен ағымдағы жөндеуді пайдалану учаскелерінің қызметшілері жүргізеді;

2) күрделі жөндеуді жөндеу бөлімшесінің қызметкері немесе мердігер ұйымдар пайдалану бөлімшелерінің қызметкерлерін тарта отырып жүргізеді.

Жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу, диагностикалау бойынша барлық жұмыс машиналарын, механизмдерін, шағын механизация құралдарын, арба жабдықтары мен қызметшілерді қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралдарын қолданып орындалады.

Магистральдық құбырға пайдалану және жөндеу қызметшілерінің шығуы қажет жағдайда суды айдау және камераларды желдету, электр дәнекерлеу жұмыстарын орындауға арналған электрмеханикалық жабдықпен, аспаптар мен керек-жарақтар жинағымен жабдықталған және трассада жұмыс кезінде үзілістер уақытында қызметкерлер демалуы үшін жылытылатын және желдетілетін шанағы бар арнайы машинада жүзеге асырылады. Диспетчермен байланыста болу үшін автомашина радиостансамен немесе ұялы телефонмен жабдықталады.

Құбырларды тексеріп шығуы (қарап шығуы) жағдайында қызметшілерде слесарлық саймандар, камера жүктесіктерін ашуға арналған ілгек, камералардың ішкі жүктесіктерін ашуға арналған кілт, оларды ашық камера жанында орнатуға арналған қоршаулар, газ талдағыштар салынған тасымалданатын жәшік болуы керек.

23. Осы сан нормативтерімен қамтылған мұнай айдау және су айдау стансалары нысандарына қызмет көрсету бойынша жұмыстар мынадай ұйымдастыру-техникалық шарттарды қарастырады.

Жұмыскерлер ауысымды қабылдау кезінде жұмыс істеп тұрған және резервтік жабдықты қарап шығады, бақылау-өлшеу құралдарының және автоматика, телемеханика, SCADA, өрт сөндіру және газдан қорғау құралдарын, аспаптардың жай-күйін және ұсақ қосалқы бөлшектердің және көмекші материалдардың болуын тексереді, өзінің соңғы кезекшілік еткен сәтінен бастап жұмыс бойынша жазбалармен және өкімдермен, схемалардағы өзгерістермен танысады.

Осы нысанға қызмет көрсететін жұмыскер ауысым ішінде тез арада басшыға немесе басқа да лауазымы бойынша үлкеніне жүйедегі барлық ауыстырулар мен жұмыстағы ақауларды бірден баяндайды.

Ауысым аяқталардан бір сағат бұрын жұмыскерлер жабдықтарды қарап шығады және оны мен жұмыс орындарын кезекті ауысымға тапсыруға дайындайды. Ауысымды қабылдау және тапсыру туралы нысан бойынша аға қызметкерлер журналға қол қояды.

Учаскелер мынадай жабдықтармен: құралдар, аспаптар, керек-жарақтар, материалдар сақтауға және жинауға арналған сөрелермен және шкафтармен жабдықталуы; электр энергиясы, механикаландырылған және арнайы аспапты қолдануға арналған сығымдалған ауа келіп тұратын тармағы болады.

Жұмыс орындары орындаушыларға бекітіледі және қажетті аспап жинағымен, қолайлы еңбек шарттарын қамтамасыз ететін және орындалатын жұмыс сипатына сәйкес қажетті ұйымдастыру жарақтарымен жабдықталады.

Өндірістік үй-жайлар мен жұмыс орындарында тиісті санитарлық-гигиеналық және эстетикалық еңбек шарттары сақталады.

Учаскелер байланыс құралдарымен жабдықталады.

Өндірістік нұсқаулық, орындалатын жұмысқа нарядтар мен нормаланған тапсырмаларды, сондай-ақ қажетті құжаттаманы жұмыс басталғанға дейін учаске бастығы, шебер немесе бригадир береді.

Басшылар, мамандар мен қызметшілер міндеті Құрылымдық бөлімше туралы ереже және лауазымдық нұсқаулықтармен регламенттеледі.

Құрылымдық бөлімше жұмыскерлерінің міндеті SAP R/3 автоматтандырылған жүйесін, "Microsoft Outlook" электрондық почта байланысын, Лотус, SCADA және өзара жергілікті ақпараттық-есептеу желілерімен байланысқан жеке компьютерлер негізінде өзге бағдарламалық өнімдерді қолданып жүзеге асырылады.

24. Жинақта қабылданған ұйымдастыру-техникалық шарттармен:

- 1) жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру,
- 2) жұмыскерлердің қажетті ақпаратты, кеңесті, нұсқаулықты уақтылы алуы;
- 3) жұмыс уақытының және демалыс уақытының ұтымды режимін сақтау;
- 4) белгіленген санитарлық нормалардың қамтамасыз етуіне қол жеткізу көзделеді.

Жұмыскерлердің жұмыс орындары онда ұйымдастыру техникасын және еңбек заттарын қолайлы орналасуын, ал үстел жәшіктерінде – тиісті құжаттар мен кеңсе жабдықтарының сақталуын қамтамасыз ететін компьютер үсчаскеен (жалғаспамен) жабдықталады.

3-бөлім. Нормативтік бөлік

1. Мұнай айдау және су айдау стансалары нысандарына қызмет көрсететін жұмысшылардың сан нормативтері

25. Мұнай айдау және су айдау стансалары нысандарына қызмет көрсететін жұмысшылардың сан нормативтері осы нормативтерге

1-қосымшаның 1-34-кестелерінде көрсетілген.

2. Технологиялық, энергетикалық жабдықтарды, бақылау-өлшеу аспаптарын, автоматика және телемеханика құралдарын, электр-химиялық қорғану құралдарын жөндейтін жұмысшылардың сан нормативтері

1-параграф. Технологиялық жабдықтарды жөндеу және оған қызмет көрсету

26. Сораптау стансаларына, мұнай қыздыру пункттеріне, қосалқы жүйелерге, ілмек арматураларға, желдеткіш, электр қыздыру қондырғыларына, сығымдағыштарға, қазандықтар мен қазандық-көмекші жабдықтарға, жылу-сумен қамтамасыз ету, газбен қамтамасыз ету және кәріз құбырларына, мұнай мөлшерін өлшеу жүйелеріне, құбыр піспекті қондырғыларға, металл кесетін станоктарға, темірсоғатын-баспақ жабдықтарына, жүк көтергіш жабдықтарға, сайманның қосымша жабдықтарына қызмет көрсете отырып, сұйыққоймалар мен газ жабдықтарына, электр пісіру жұмыстарын жүргізуге арналған тетіктер мен керек-жарақтарға, агрегаттар мен трансформаторларға, пневма- және электр сайманына техникалық қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу, күрделі жөндеу.

27. Кәсіп атауы: технологиялық қондырғыларды жөндеу және оған қызмет көрсету жөніндегі слесарі, жөндеуші слесарі, механикалық құрастырушы жұмыстарының слесарі, өнеркәсіптік желдету және жылытуды жөндеу және оған қызмет көрсету слесарі, жөндеуші слесарі, апаттық-қалпына келтіру жұмыстары слесарі (жылу желілеріне, суағызғыларға және кәрізге қызмет көрсету жөніндегі слесарі), электр-газбен дәнекерлеуші, барлық атаудағы станокта жұмыс істеушілер, тісті кескіш, бөлшектер мен буындарды теңдестіруші, темір ұстасы, такелаж және жүк қармауыш айлабұйымдар жөніндегі слесарі, газ жабдықтарын жөндеу және оған қызмет көрсету жөніндегі слесарі,

сығымдаушы-ыспажамаушы, матаушы, қосалқы көмекші жұмысшы және басқалары.

2-параграф. Электртехникалық және энергетикалық жабдықтарды жөндеу және оған қызмет көрсету

28. Электр қозғағыштарға, күш беретін трансформаторларына, жоғары вольтті аппараттар мен конденсаторлы қондырғыларға, жоғары вольтті желілер мен жерге тұйықтаушы құрылғыларға, кернеуі 1000 вольтті электр аппараттарына, аккумулятор батареяларына, электр мен дәнекерлеу жабдықтарына, релелік қорғану құрылғыларына, электр автоматика мен қайталама коммутация тізбектеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу. Электрмен дәнекерлеу, жөндеу кезінде қолданылатын пневматикалық және электр аспаптарының жұмыстарын жүргізуге құрал-сайманның, механизмдер мен айлабұйымдардың қосалқы жабдықтарына қызмет көрсету.

29. Кәсіп атауы: электр жабдықтарын жөндеу және оған қызмет көрсету жөніндегі электрмонтер.

3-параграф. Автоматика, телемеханика құралдары мен бақылау-өлшеу аспаптарын жөндеу және оған қызмет көрсету

30. Автоматика құралдары мен бақылау-өлшеу аспаптарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу, аппаратуралар мен аспаптарды сыртқы қарап шығу, оларды ластан және шаңнан тазарту; аспаптың немесе аппаратураның жұмыс қабілетін тексеру үшін оларды схемаға қосу, ұсақ ақауларды анықтау және жою (бұрандаларды қатайту, шығу жолдарын ауыстыру, корпусы бояу), құралды ашу және бөлшектерін шаю, ақауларды жою (кедергілерді, ораманы үзу), жылжымалы жүйені теңдестіру және құралды жинау; құралды электр төзімділікке тексеру, аспапты кернеуді реттеу көзіне қосу кезінде жылжымалы бөлігінің жүрісін тексеру; аспапты шкала бойынша дәлдікке тексеру (мөлшерлеу) және реттеу, жылжымалы жүйені босату және ағытып алу кермелерді дәнекерлеу, тозған бөлшектерді ауыстыру және құралды жинақтау; барлық шектер мен сызбалар бойынша тексеру; технологиялық жабдықты қорғауды тексеруге қатысу.

31. Кәсіп атауы: бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика жөніндегі слесарі.

4-параграф. Электрхимиялық қорғану құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу

32. Электр химиялық қорғаныш құралдарына техникалық қызмет көрсету, электрмен жабдықтау желілерін, катодтық қорғаныш стансасы құралдары мен бақылау-өлшеу бағаналарын және анодтық жерге тұйықтаушыларды қарап шығу; катодтық қорғаныш стансасы және кәрізді қорғаныш стансасының ток пен кернеу көрсеткіштерін алу; катодтық қорғаныш стансасы кәріздік нүктесінде қорғану әлеуетін реттеу; байланыстарды тазарту; аккумуляторлар қалпын, дабыл беру құрылғыларды (катодтық қорғаныш стансасы жұмысын телебақылау кезінде) тексеру; катодтық қорғаныш стансасы сорғы нүктесінде "құбыр-жер" әлеуеті айырмашылығын, бұrandаның тікелей және кері өткізгіштігін өлшеу; сораптау тізбегінің байланыс қосылыстарын және дроссельге қосылу орнында қалпын тексеру және тазарту; байланыстырғыштың механикалық жүйесін реттеу; дабыл құрылғыларын тексеру; катодтық қорғаныш стансасы жай қорғағыш жүйесін тексеру және реттеу; желілік қараушы-жөндеушінің электр химиялық қорғаныш құралдарын пайдалану журналын жүргізуді тексеруі.

33. Кәсіп атауы: Электр химиялық қорғаныш құралдары және жоғары вольтті желі құралдарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету электр монтері.

3. Филиалдарды басқару аппараттарының басшыларының, мамандары мен

қызметшілерінің сан нормативтері

1-параграф. Жалпы басшылық

34. Ұсынылатын лауазымдар: директор, бас инженер, директордың орынбасары: тауар-көлік операциялары жөніндегі, күрделі жөндеу және күрделі құрылыс жөніндегі, экономика және қаржы жөніндегі, директордың жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары, ақпараттық технологиялар жөніндегі атқарушы директор және басқалары.

2-параграф. Өндірісті жедел басқару

35. Тауар-көлік бөлімі.

Ұсынылатын лауазымдар: бөлім бастығы, бөлім бастығының орынбасары, сапа жөніндегі жетекші инженер (инженер), мұнай теңгерімі және есепке алу жөніндегі жетекші инженер (инженер).

36. Суды есепке алу және жіберу бөлімі.

Ұсынылатын лауазымдар: бөлім бастығы, сапа жөніндегі жетекші инженер (инженер), суды есепке алу жөніндегі жетекші инженер (инженер).

3-параграф. Магистральдық мұнай құбырлары мен су құбырын пайдалану

37. Ұсынылатын лауазымдар: бөлім бастығы, бөлім бастығының орынбасары, жетекші инженер: желілік бөлік жөніндегі, сұйыққойма паркі жөніндегі, қыздыру пештері жөніндегі, дәнекерлеу жөніндегі, ғимараттар мен құрылыстар жөніндегі инженер.

4-параграф. Қоршаған ортаны қорғау

38. Ұсынылатын лауазымдар: бас маман – эколог, экология жөніндегі жетекші инженер (инженер).

5-параграф. Механика жөндеу қызметі, технологиялық көлікті және арнайы техниканы пайдалану

39. Ұсынылатын лауазымдар: бас механик, бөлім бастығының орынбасары, жөндеу және диагностика жөніндегі жетекші инженер, инженер-механик (инженер) және басқалары.

6-параграф. Энергетикалық жөндеу қызметі

40. Ұсынылатын лауазымдар: бас маман – энергетик, бөлім бастығының орынбасары, жетекші инженер (инженер) – энергетик, энергиямен жабдықтау жөніндегі диспетчер және басқалары.

7-параграф. Технологиялық байланыс

41. Ұсынылатын лауазымдар: қызмет бастығы, байланыс жөніндегі жетекші инженер, байланыс инженері және басқалары.

8-параграф. Өндірістік үдерістерді автоматтандыру

42. Ұсынылатын лауазымдар: бөлім бастығы, бөлім бастығының орынбасары, өндірісті басқару автоматтандырылған жүйелері жөніндегі жетекші инженер (инженер) және басқалары.

9-параграф. Метрологиялық қызмет көрсету

43. Ұсынылатын лауазымдар: бас маман – метролог, метрология жөніндегі жетекші инженер (инженер).

10-параграф. Жаңа техника, рационализациялау, стандарттау

44. Ұсынылатын лауазымдар: бөлім бастығы, ғылыми-техникалық ақпарат, патенттік және өнертапқыштық жұмысы, жаңа техниканы енгізу, стандарттау жөніндегі жетекші инженер (инженер), техникалық саясат, материалдық-техникалық ресурстарды нормалау жөніндегі маман және басқалары.

11-параграф. Тәуекелдерді басқару және интеграцияланған менеджмент жүйесі

45. Ұсынылатын лауазымдар: интеграцияланған менеджмент жүйесі жөніндегі бас маман (инженер), тәуекелдер және интеграцияланған менеджмент жүйесі жөніндегі маман және басқалары.

12-параграф. Өндіріске технологиялық қызмет көрсету

46. Ұсынылатын лауазымдар: бас маман – технолог, бас маман – технологтың орынбасары, жетекші инженер (инженер) технолог және басқалары.

13-параграф. Күрделі құрылыс және күрделі жөндеу

47. Ұсынылатын лауазымдар: бас инженердің күрделі құрылыс және күрделі жөндеу жөніндегі орынбасары, бөлім бастығы, бөлім бастығының орынбасары, техникалық қадағалау жөніндегі, құрылыс-құрастыру жұмыстарының сапасы және қабылдау жөніндегі жетекші инженер (инженер) және басқалары.

14-параграф. Гигиена және өндірістік санитария

48. Ұсынылатын лауазымдар: бөлім бастығы, гигиена және өндірістік санитария жөніндегі жетекші маман (маман).

15-параграф. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету және жабдықтармен комплектациялау

49. Ұсынылатын лауазымдар: бөлім бастығы, бөлім бастығының орынбасары, жабдықтар мен материалдарды комплектациялау жөніндегі жетекші инженер, инженер, аға тауарманы, тауарманы, материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі экономист, кедендік декларант және басқалары.

16-параграф. Жоспарлау, экономикалық талдау және тарифтік реттеу

50. Ұсынылатын лауазымдар: бөлім бастығы, бөлім бастығының орынбасары, жоспарлау жөніндегі жетекші экономист (экономист), талдау жөніндегі жетекші экономист (экономист), тарифтік реттеу секторының бастығы, тарифтік реттеу жөніндегі жетекші экономист (экономист), жеке есептеу жөніндегі жетекші экономист (экономист).

17-параграф. Еңбек, жалақы және еңбекті нормалауды ұйымдастыру

51. Ұсынылатын лауазымдар: бөлім бастығы, еңбекті ұйымдастыру және нормалау жөніндегі жетекші инженер (инженер), еңбек жөніндегі экономист.

18-параграф. Бухгалтерлік есеп

52. Ұсынылатын лауазымдар: бас бухгалтер, бас бухгалтердің орынбасары, жетекші бухгалтер (бухгалтер), кассир және басқалары.

19-параграф. Қаржы қызметі

53. Ұсынылатын лауазымдар: бөлім бастығы, қаржы жұмысы жөніндегі жетекші экономист (экономист) және басқалары.

20-параграф. Келісімшарттар бөлімі

54. Ұсынылатын лауазымдар: бөлім бастығы, жетекші маман (мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі маман) және басқалары.

21-параграф. Кадрларды жасақтау, даярлау және әлеуметтік дамыту

55. Ұсынылатын лауазымдар: бөлім бастығы, кадрлар даярлау жөніндегі инженер, кадрлар жөніндегі маман, әлеуметтік дамыту жөніндегі маман және басқалары.

22-параграф. Құқықтық қызмет

56. Ұсынылатын лауазымдар: бөлім бастығы (қызмет жетекшісі), жетекші заң кеңесшісі, заң кеңесшісі және басқалары.

23-параграф. Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлар және арнайы жұмыстар

57. Ұсынылатын лауазымдар: азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлар жөніндегі жетекші маман (маман), инспектор және басқалары.

24-параграф. Меншікті қорғау

58. Ұсынылатын лауазымдар: меншікті қорғау жөніндегі бас, жетекші маман (маман).

25-параграф. Мемлекеттік тілді дамыту

59. Ұсынылатын лауазымдар: бас (жетекші) маман (аудармашы).

26-параграф. Іс жүргізу

60. Ұсынылатын лауазымдар: кеңсе бастығы, техникалық кітапхана маманы, мұрағатшы, тапсырмалардың орындалуын бақылау жөніндегі аға маман (маман), іс жүргізуші және басқалары.

27-параграф. Шаруашылық қызмет көрсету

61. Ұсынылатын лауазымдар: әкімшілік-шаруашылық бөлімінің бастығы, маман және басқалары.

28-параграф. Баспасөз қызметі

62. Ұсынылатын лауазымдар: жұртшылық әлеуметпен байланыс жөніндегі маман және басқалары.

4. Мұнай құбыры, су құбыры басқармаларының басшылары, мамандары мен

қызметшілерінің сан нормативтері

1-параграф. Басқару аппараты

63. Жалпы басшылық.

Ұсынылатын лауазымдар: басқарма бастығы, бас инженер, басқарма бастығының орынбасары және басқалары.

64. Магистральдық мұнай құбырлары мен су құбырларын пайдалану.

Ұсынылатын лауазымдар: қызмет бастығы, мұнай және су құбырларын пайдалану жөніндегі инженер (сұйыққойма паркі, мұнай жылыту учаскесі), технолог, суасты-техникалық жұмыстар, апаттық жұмыстар, ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану жөніндегі инженер және басқалары.

65. Қоршаған ортаны қорғау.

Ұсынылатын лауазымдар: экология жөніндегі жетекші инженер (инженер).

66. Механикалық жөндеу қызметін көрсету, технологиялық көлік пен арнайы техниканы пайдалану.

Ұсынылатын лауазымдар: бас механик, жөндеу жөніндегі инженер, автокөлікті пайдалану жөніндегі инженер, автокөлікті жөндеу жөніндегі инженер және басқалары.

67. Энергетикалық жөндеу қызметін көрсету.

Ұсынылатын лауазымдар: бас энергетик, инженер-энергетик, энергиямен жабдықтауды есепке алу жөніндегі техник және басқалары.

68. Өндірістік үдерістерді автоматтандыру.

Ұсынылатын лауазымдар: қызмет бастығы, өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйелері жөніндегі инженер және басқалары.

69. Метрологиялық қызмет көрсету.

Ұсынылатын лауазымдар: метрология қызметінің бастығы, метрология жөніндегі инженер және басқалары.

70. Жаңа техника, рационализациялау, стандарттау.

Ұсынылатын лауазымдар: ғылыми-техникалық ақпарат, патенттік және өнертапқыштық жұмысы, жаңа техниканы енгізу жөніндегі инженер, стандарттау жөніндегі инженер, тәуекелдер және интеграцияланған менеджмент жүйесі жөніндегі маман және басқалары.

71. Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі.

Ұсынылатын лауазымдар: бас техникалық жетекші – бөлім бастығы, өрт қауіпсіздігі жөніндегі инженер.

72. Өндірістік бақылау.

Ұсынылатын лауазымдар: өндірістік бақылау (қадағалау) жөніндегі жетекші инженер (инженер).

73. Гигиена және өндірістік санитария.

Ұсынылатын лауазымдар: Гигиена және өндірістік санитария бойынша маман

74. Күрделі құрылыс және күрделі жөндеу

Ұсынылатын лауазымдар: қызмет бастығы, техникалық қадағалау жөніндегі инженер және басқалары.

75. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету және жабдықтармен комплектациялау.

Ұсынылатын лауазымдар: қызмет бастығы, комплектациялау бойынша инженер, материалдық-техникалық жабдықтау бойынша экономист, аға тауарманы (тауарманы), орталық қойма (қойма) меңгерушісі, экспедитор және басқалары.

76. Жоспарлау және экономикалық талдау.

Ұсынылатын лауазымдар: қызмет бастығы, жоспарлау жөніндегі экономист және басқалары.

77. Еңбекті, жалақы және еңбекті нормалауды ұйымдастыру.

Ұсынылатын лауазымдар: қызмет бастығы, еңбек бойынша жетекші экономист (экономист), еңбекті нормалау бойынша жетекші инженер (инженер) және басқалары.

78. Бухгалтерлік есеп және қаржы қызметі.

Ұсынылатын лауазымдар: бас бухгалтер, бас бухгалтердің орынбасары, салық жөніндегі маман (бухгалтер), аға кассир, кассир және басқалары.

79. Жасақтау, кадрларды даярлау және әлеуметтік дамыту.

Ұсынылатын лауазымдар: қызмет бастығы, бастықтың орынбасары, кадрлар жөніндегі маман, аға инспектор (инспектор) және басқалары.

80. Іс жүргізу және шаруашылық қызмет көрсету.

Ұсынылатын лауазымдар: қызмет жетекшісі, шаруашылық, кеңсе меңгерушісі, тапсырмалардың орындалуын бақылау жөніндегі аға инспектор (инспектор), іс жүргізуші, инспектор, аудармашы және басқалары.

81. Өндірісті жедел басқару.

Тауар-көлік қызметі.

Ұсынылатын лауазымдар: қызмет бастығы, сапа жөніндегі инженер, аға диспетчер, диспетчер және басқалары.

Суды есепке алу және жіберу жөніндегі қызмет.

Ұсынылатын лауазымдар: қызмет бастығы, есепке алу жөніндегі инженер, сапа жөніндегі инженер және басқалары.

82. Құқықтық қызмет.

Ұсынылатын лауазымдар: жетекші заң кеңесшісі, заң кеңесшісі.

83. Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлар және арнайы жұмыстар.

Ұсынылатын лауазымдар: азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі инженер, арнайы жұмыстар бойынша инспектор және басқалары.

